


# КІТАП


## ПАТШАЛЫГЫ

ғылыми-тәнымдық, әдістемелік журнал №2, 2010



Казак мұзыкасы

Казак музыкасы



«Бір ел - бір кітап» акциясы – ұлттық әдебиетіміздің үздік туындыларын ортақтаса оқуға арналған ауқымды шар Бұл кітапта үш жылғы акция аясында оқуға таңдалған Абай, Мұхтар, Мағжан сияқты ұлы ойшылдарымыздың әдеб мұралары жайлы әр жылдарда жазылған ғылыми-танымдық зерттеу мақалалары топтастырылған.

Жинақ оқытушыларға, кітапханашыларға, студенттер мен көпшілік оқырманға арналған.

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы, 2009  
“Хұсніхат” баспасы, 2009

## Құрметті сқырман!

Қолыңызда «Кітап патшалығы» журналының кезекті саны.

Кекірегіміздің көзін ашқан кітаптар патшалығы – Бүкіләлемдік кітап күніне орай, Астана кітапхана шылары үшін ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы «Ашық есік күнін» өткізген болатын. Журналымыздың кезекті нөмірі осы шараға арнайы келіп қатысқан ардагер кітапхана шылармен өткізген сыр-сұхбатпен басталды. Сондай-ақ «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында таңдауға алынған туынды жайлы жазылған мақала да берілді. Эр нөмірде тұрақты жарияланып келе жатқан өлемнің ірі кітапханалары туралы материалмен қатар, кітапхана шылардың Мысыр еліне жасаған сапары, қазақтың



мандайына біткен марқасқаларының бірі – Әлкей Марғұланның мұрасы және жер қойнауынан қазып алынған құнды кітаптар туралы талданып жазылған тағылымды дүниелер журналымыздан ерекше орын алдып отыр.

Журналымыздың діңіне рух дәнін сеуіп тұратын «Ақыл адырнасы» айдарымен осы жолы Шалқиіз жыраудың даналық дәрістері және «Оян Қазақ!» айдарымен Алаштың ақсемсері – Міржақып Дулатұлы жайында жүргізген сұхбатымыз, хас батыр – Бауыржан Момышұлының 1944 жылдың қазақ тілі жайында жолдаған хаты туралы жазылған мақаламыз да көнілдеріңізден шығатынына сенімдіміз.

Ұлы Отан соғысында ерлігімен есте қалған ер-жүрек тұлғалар туралы тың тақырыптармен қатар сурет өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған шын шеберлеріміз жайлы да кеңінен қамтылды. Тәкеппар ойлы, талғамы жоғары қымбатты оқырман сіздердің сұнғыла сұлу жан әлемдеріңізге ұсынарымыз – осы.

«Кітап патшалығының» ақыл тағы Сіздерді де таңдамалы танымдық тақырыптар тізімінен күтеді!

Құрметпен,  
Бас-редaktor, Ғалия Бекейқызы

МЕМЛЕКЕТТИК МЕКЕМЕСІ



# КІТАП ПАТШАЛЫГЫ

ФЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ,  
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА  
ТӨРАҒАСЫ  
Рахымжан ОТАРБАЕВ

Әлібек АСҚАРОВ  
Әкім ТАРАЗИ  
Бағлан МАЙЛЫБАЕВ  
Бұркітбай АЯҒАН  
Дархан ҚЫДЫРӘЛІ  
Жанна ҚҰРМАНҒАЛИЕВА  
Жанна ШАЙМҰХАНБЕТОВА  
Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ  
Мая ЖИЕНБАЕВА  
Мұрат ӘҮЕЗОВ

Сауытбек АБДРАХМАНОВ  
Сейіт КЕҢЖЕАХМЕТОВ  
Тұрсын ЖҰРТБАЙ  
Ілияс ҚОЗЫБАЕВ  
Хабиба АҚЖІГІТОВА

БАС РЕДАКТОРЫ  
Фалия БӘКЕЙҚЫЗЫ

БАС РЕДАКТОРДЫҢ  
ОРЫНБАСАРЫ  
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

РЕДАКТОРЛАРЫ  
Айсұлу СЕЙЛОВА  
Гүлжанат ЖҰБАНИЯЗОВА

БЕТТЕГЕН  
БАСПА-РЕДАКЦИЯ  
ОРТАЛЫГЫ -  
ЖЕТЕКШІСІ  
Балнұр ТӘҮЕКЕЛОВА

ДИЗАЙНЕР  
Санель АМАНОВА

ТЕХ. РЕДАКТОР  
Айнаш ҚҰЛЖАНОВА  
Жақсылық КӘШКЕНБАЕВ

ФОТОТОЛШІ  
Солтан ЖЕКСЕНБЕКОВ



## МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

### 6-7 Ашық есік күні

### 8 ШЕБЕР-КЛАСС Сафира ҚАНАХИНА

Кітапханашыларды толыққанды кітапханаши етіп шығарсақ, біздің идеологиямыз толық жүзеге асады

### 12 МАСТЕР-КЛАСС Ирина ДАРАГАН

Всё богатство мира – в книге

Меншік иесі:

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі  
Мәдениет комитетіне қарасты «Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Үлттық академиялық кітапханасы» мемлекеттік мекемесі

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, 2009 жылғы 12 қарашадағы №10493-Ж күелігі берілген

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қаласы, Достық көшесі, 11  
тел./факс: 8 (717 2) 285266  
8 (717 2) 242632  
e-mail: kp\_2009@mail.ru

Журналға жарияланған авторлық материалдарға редакция жауапты болып танылмайды. Журналға жарияланған материалдар көшіріліп басылған жағдайда сілттеме жасалуы міндетті.

«Print House Gerona»  
баспаханасында басылды.  
Мекен-жайы: Алматы қ.,  
С.Сейфуллин данғылы, 458/460,  
201-205 кеңсе  
төл: 8 727 2 504 740, 2 662 919

**14** МЕН ҚАЗАҚЫН!  
Айсұлу СЕЙЛОВА  
Жалпыхалықтық оқуға –  
Жұбан жыры

**16** КІТАП ҚӨРМЕСІ  
Сымбат МҰХАМЕДИЯРОВА  
Шоқан әлемінің гибраты  
Тараразының екі басын тен  
ұстайтын Тарази

**20** BOOK EXPOASTANA  
Книжное созвездие

**22** АЛТЫН ҚӨПІР  
Фалия БӘКЕЙҚЫЗЫ  
Мамандар Мысырда  
машықтанды

**25** ТЕРЕЗЕ  
Айсұлу СЕЙЛОВА  
Конгресс кітапханасы



**30** КІТАПХАНА ТАРИХЫ  
Роза ӘСЕРБАЕВА  
Ұлы Абай атымен әйгіленген  
әмбебап кітапхана

**34** ЖЕКЕ КІТАПХАНА  
Гүлназия Бодыққызы  
Әлкей Марғұлан мұрасы

**39** ҚҰНДЫ КІТАП  
Сейіт КЕНЖЕАХМЕТҰЛЫ  
Асыл қазына жер астында жатпайды

**46** МӘДЕНИЕТ МӘЙЕГІ  
Ахмет Тоқтабай  
Зайсан қаласындағы Фалымжан  
Ибрағимовтың тұрған үйі

**50** ЭЛЕКТРОННЫЕ  
БИБЛИОТЕКИ  
Фаина ТИМЕРШИНА  
На пути к виртуальному  
правительству



**56** ЮБИЛЕЙ  
Полвека на благо  
отечественной науки

**60** ИМЕНА. СОБЫТИЯ. ФАКТЫ  
Дарига ДАУРЕНБЕКОВА  
История на книжных полках

**65** ВЗГЛЯД  
Карагоз ОТАРБАЕВА  
Мы не пародия...

**68** АҚЫЛ АДЫРНАСЫ  
Шалқиіз жырау

**70** ПӘЛСАПА ТАМШЫЛАРЫ  
Серік НЕГИМОВ  
Сөйлесін қалам сырымды

**74** ОЯН, ҚАЗАҚ!  
Марат ӘБСЕМЕТ  
Міржақыптың «Оян, Қазақ!» идеясы –  
қазақ елінің нағыз ұлттық идеясы

**80** БАУЫРЖАН  
МОМЫШҰЛЫНА –  
100 ЖЫЛ  
Совет-Хан ФАББАСОВ  
Ана тілі және ұлттық тәрбие

**84** ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЕ  
ПОСВЯЩАЕТСЯ  
Айнаш ЖИЛКИБЕКОВА  
Мы помним вас, герои-земляки!

**86** МАСТЕРСКАЯ ТАЛАНТОВ  
Гулжанат ЖУБАНИЯЗОВА  
Батыр национального искусства,  
или Оружейных традиций мастер

**89** ҚЫЛҚАЛАМ  
Айгүл КЕМЕЛБАЕВА  
Құлагер

**95** ЖАҢА КІТАПТАР

2004 жылдың 23 сәуірінде КР Үкіметінің КР Ұлттық академиялық кітапханасын құру туралы № 461 Қауылсы шықты. Дүниежүзілік кітап жөне авторлық құқық құнімен қатар келген қекек айныңда кітапханашылар ашық есік күнін тойлауды дәстүрге өнгізген.

Арқа төсін таңдаған Ару Астананың әкімшілік аймағына жайғасқан жаңа кітапхана – жалпыхалықтың жансусарына, білімнің көусар бұлағына, оқу-өнер ошағына, алыпақпарат орталығына айналып үлгерді. Талғампаз оқырмандар талабы да тағыымды, толыққанды жауаптармен орындалып отыр. Ол – озық технология тілін терең менгерген мамандардың қашықтағы мәліметтер базасымен жүйелі жұмысының жемісі.

Салтанатты шараның ресми ашылуында КР Мәдениет министрлігі Мәдениет комитетінің Тарихи-мәдени мұра басқармасының сарапшысы А. Сатыбалдин, КР Ұлттық академиялық кітапханасы бас директорының орынбасары Ж. Үсөнбаев жиналған қауымды құттықтады. «Осы замандақ кітапхананың электронды қызметі» тақырыбында КР Ұлттық академиялық кітапханасы бас директорының ақпараттандыру жөне кітапхана іci жөніндегі орынбасары Ә. Сәрсембінова, «КР ҰАК – кітапханаларға әдістемелік орталық» тақырыбында Ғылыми-таптауда орталығының жетекшісі М. Валиулина баяндама жасады. Сондай-ақ АКШ Елшіліри ресурстық орталығының маманы Ж. Құлжаева кітапхана мен аталған елшілік арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынастар жайлы жаңалықтарын жеткізді. Кітапхана жанынан жарықта шықкан «Кітап патшалығы» журналын басылымының редакторлары Бауыржан Қарағызыұлы мен Гүлжанат

Сәуір айының аяғында Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхана ұжымы алты жыл толған туған күнін атап өтті.





#### Жұбаниязова таныстырыды.

Бағдарлама мәскеулік мейман, «КОНЭК» ЖАҚ электронды ресурстар бөлімінің жетекшісі Е. Еронинаның «Шетелдік жетекші баспалардың электронды ресурстары: «КОНЭК» ЖАҚ-ның ұсынысы» семинарымен жалғасты. Баяндамашы Ұлыбританиядағы аса ірі академиялық баспаның (Oxford University Press) электронды ресурстары туралы әңгімеледі. Бүгінде Оксфорд анықтамалығы мен ғылыми материалдарын оқытушылар, аудармашылар, лингвистер жиі қолдануда. Басылымдар халықаралық білім стандартына толық сай келеді.

Бұл күні бағдарлама бойынша екі шебер класс үйімдастырылды. «Кітапханаши» және заман тақырыбында кітапхана ісінің ардагері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері С. Қанахина, «Әрбір оқырман құпия тұлға тәрізді» тақырыбында кітапхана ісінің ардагері, «Еңбек ардагері» медалінің иегері И. Дараган өріптестерге кенес берді.

Қонақтар назарына ұсынылған көрмелерде алты жылдың кітапхана өмірі, кітапханаши кәсібінің құпиясы, кітапханалық басылымдар, қазақ елінің жетістігі және шетел мәдениеті жайлы материалдар қойылған.



Сағира ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,  
кітапхана ісінің ардагері,  
«Ерен еңбегі үшін»  
медалінің иегері

## КІТАПХАНАШЫЛАРДЫ **ТОЛЫҚҚАНДЫ КІТАПХАНАШЫ** **ЕТІП ШЫҒАРСАҚ, БІЗДІҢ ИДЕОЛОГИЯМЫЗ ТОЛЫҚ** **ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ**

*S*

Сағира Төлегенқызы, сіз Алматыдағы ҚР Ұлттық кітапханасынан өзге кітапханаларда қызмет атқаруды қаламаған секілдісіз... Табан аудармай бір мекемеде жұмыс жасау кім-кімді де жалықтыратынын сөзсіз. Тұрғылықты жерімді, қызмет орнымды не болмаса мамандығымды ауыстырайын деген ой болмады ма?

— Біз — соғыстан кейінгі адап махаббаттан туған адамдармыз. Біздің бала кезімізде теледидар болған жоқ. Сондықтан көркем әдебиетке құмар болдық. Қазақ қаламгерлерінің кітаптарын қалт жібермей оқыдық.

Олардың қатарында Сафуан Шәймерденовтің шығармаларын, Әтебай Қанахиннің «Жас дәурен» деген романын жарыса оқығанбыз. Мектепқабыргасынан кітапқағашық болып естік. Мен 1963 жылдың абитуриенті болдым. Ол кезде мектепті бітірген соң екі жыл қой бағыу көрек болатын. Маған қой бақтырмау үшін анам қолынан келгенше көмектесті. Анамның арқасында бізден бұрын бітіргендермен қатар аттестатымды қолыма ертерек алдым. Сейтіп төрт-бес жылғы түлек Алматыға аттандық. Филология не тарих факультетіне түсем деп келгенмін. Қыздар педагогикалық институтының жанындағы хабар-

ландыруды қарасақ, «Кітапханатану» деген жазу түр екен. Кітаптың ортасында кітап оқып отырады екенмін деп ойладым. Сейтіп осы факультетке тапсырдым. Сонымен бір орынға он бір адам тала-сып, жоғары баллмен түсіп кеттім. Бұл — ұлағатты ұстаздарымның арқасы деп ойлаймын. Өзім Қазалы ауданындағы №420 мектептің түлегімін. Әдебиеттен де, тарихтан да, химиядан да, ал-гебрадан да мықты мамандардан төлім алдық. Осы факультеттің 3-курсында озат студенттерді алыс қалаларға (Мәскеу, Ленинград, Киев) өндірістік тәжірибеге жіберді. Мен Ленинградтағы М. Е.



Салтыков-Щедрин атындағы Ресей Мемлекеттік көшпілік кітапханасында өндірістік тәжірибен еттім. Ол жерде белгілі ғалымдар жұмыс істейді еken. Уылжыған жаспзы ғой өз саласында білікті, білімді мамандардан көп нәрсе қабылдадық, үйрендік. Ал 4-курста республикалық балалар кітапханасында тәжірибелік сынақтан өтіп, мұнан да жоғары баға алды. Соңғы курста студенттерді өр түрлі кітапханаларға бөле бастады. Мен Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтының кітапханасындағы бір орынға қалдым. Бірақ, субъек-

тивті себептермен қазіргі А. С. Пушкин атындағы Ұлттық кітапханаға келдім. Осылай, 1968 жылдың 4-шілдесінде кітапхана жұмысына кіріп кеттім. Көп ұзамай, қазақ тілінде көлемді жұмыс жазу көрек болды. Ол кезде қазақша билетіндер – некен-саяқ. Жазып бердім. Бір күні бас директор шақыртты. Қорқа-қорқа бардым. «Қызыз, сен ғылыми методикалық бөлімге барасың, аға кітапханашы боласың», – деді. Бұл қызметке он-он бір жыл еңбек өтілі бар кітапханашыға тағайындалуы тиіс. Оған істей алмаймын деген сез

жоқ. Содан методикалық бөлімге кеттім де қалдым. Жұмыстың көптігінен болар, кітапханадан басқа жерге бару деген ойыма да келген жоқ. Сөйтіп жүргендеге, тағдырың жазуы шығар, Өтебай Қанахин деген жазушыға, өзім «Жас дәурен» деген кітабын оқып ғашық болып жүрген адамға кездестім. Сол кісімен түрмис құрдым. Ол кісі де іскер адам еken. Кітапхана жұмысына жан-дуниеммен беріліп кеттім. Жұмыс та көп болды. Сондықтан кітапханадан өшқайда кеткен жоқпын. Сол жерде қырық жылдан аса қызмет еттім. Қырық жыл қырық күндей болған жоқ. Өтті де кетті...

— Көсіби кітапханашы ретінде бірнеше жылдардан бері кітапты насиҳаттап келесіз. Оған қоса, кітапхана жаңынан «қазақ тілі» орталығын қырып, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға тер төгіп жүрген жанашырлардың бірісіз. Көптеген келелі мәселені көтеріп тұrasыз. Қандай да бір нәтижесі болып жатыр ма?

— Кенес дәүірі дүркіреп тұрган кешегі күні қазақша кітаптарға қырын қарайтындар кем болған жоқ. Мұндай қорлықты өшкім көрмесін. Сары жақтыларды жеңу мүмкін емес. Жылап-жылап жүре беретінбіз. Ұлттық кітапханадағы мемлекеттік тіл орталығына же-текшілік еттім. Содан «Дүлгіға» деген бағдарлама өзірледім. Бағдарлама халыққа қатты ұнады деген үміттемін. Сұранысқа қарай, бірнеше рет қайта бастырылып шығарылды. Осы бағдарлама аясында облыстық, аудандық кітапханашыларды шақырып, арнайы шаралар өткіздік. Осындаіс ics-шараларға атсалысқандардың бірі



— мемлекет және қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімов болатын. Бірнеше тармақтан тұратын шараларымыздың ішінде жазушылар кітабының тұсаукусерлері де бар еді. Жігерлі жастармен қосылып, әдемі идеялар ойлаймыз. «Әлемге танылғың келсе, өнінді қазақша айт» деген шараны да шығарғанбыз кезінде. Бұл біздің көп қанағаттандырыды. Жұрт өзінен-өзі кітабымның тұсаукусерін өткізейік деп келетін болды. Осылай тұсаукусер өткізу дәстүрге еніп кетті. Атқарған істерімді нәтижесіз дей алмаймын.

— Кітапханашы мамандарға шеберлік сағатын үйымдастырып, өріптестеріңіздің кесіби жетілдіру жолында тағы да Сіздің есіміңізді естіміз...

— Шебер класстарға көп қатыстым. Ол кезде мықты мамандар Мәскеуден келіп жүргізетін. Бізде де білікті мамандар жетерлік, бірақ қазақ тілінде жүргізілетін шебер класы тым аз. Мен соған әлі күнге дейін өкпелімін. Андасанда үйымдастырылатын конференциялардың өзі көкпенбек орыс тілінде өтетін. Сонда ауылдағы, аудандағы кітапханашылардың күні не болады?! Егemen ел болғанымызға жиырма жылға жуықтады. Біз кеңес өкіметінің мүддесін қорғайтын оқулықтарды оқыдық. Қазіргі күні де сол оқулықтар бар. Әлі солай. Сол факультет сол күйі қазақшаланған жоқ, оған тарихты апарып қости. Қазақстанның егемендігін сақтаймыз десек, қазақ елінің мүддесін қазақша насиҳаттайтын

кітапханашыларды дайындаудың керек. Сонда ғана өз саясаттымызды жүргіземіз. Сонда ғана біз халқымыздың бетін бұрамыз. Ал орыс тілді кітапханашыларға арналған оқулықтармен кім қазақ кітапханасын құрады? Басқа бір жат үлттың идеясымен жазылған дүние сол үлттың мүддесін қорғайтыны белгілі. Біз — кеңес үкіметінің шекпенінен шықкан кітапханашымыз. Мамандығымызға қарай көп қындықты бастаң өткіздік. Қазақ тілінде жүргізілетін әдістемелік жұмыстарды оқысан, қаның қайнайды. Сондықтан қазақ тіліндегі жұмыстарды, шеберлік класын жүргізу жолын іздестіру керек. Ол үшін оның институты болуы керек. Болмаса академиялық, үлттық кітапханалар жаңынан курстар ашу керек. Сонда ғана шеберлік класы нығая түседі. Одан біз үтүлмаймыз. Қазақстан кітапханашыларын толықжанды кітапханашы етіп шығарсақ, біздің идеологиямыз, біздің президентіміз ойлап отырған түпкі мақсат толық жүзеге асады. Бізге бәрінен бұрын үлттық нағызының оята алатын, қоғамға рухани серпіліс жасай алатын кітапханашылар керек. Егер қазақ кітапханашыларын тәрбиелейтіндей керемет жұмысымыз болмаса, кітапхана жұмысы жеміссіз.

— Майдангер жазушы Өтебай Қанахиннің жұбайы екенсіз. Қаламгердің «Құдірет», «Дәмелі», «Жүрек қалауы», «Жер басып жүрсем», «Кел жағасында», «Мұрагер», «Маздақ» секілді көлемді прозалық шығармалары оқырман қауымның жүргегінде мәңгілік қалды. Ақшаға да сатып ала алмайтын құндылықтарымен қазақ-

**тың көркем әдебиетінің сахнасын өздігінше өрнектеген өртүлғаның шығармашылығы неге ойдағыдай зерттелмей отыр?**

– Өтебай Қанахин деген кісі – халықтың адамы. Кезінде соғысқа қатысқан, жетімдер үйінде тәрбиеленген. Өте мәдениетті, өте білімді еді. Орыс, қазақ тілдерін жетік менгерген. Кезінде орталық комитетте қызмет істеген. Қазақшылыққа салынып, жазушылар арасында алақан жайып атақ сұраған жоқ. Негізінде, ол кісі жүректен кетті. Оған «Қарт сарбаз хикаясы» деген кітабы себеп болды. Соның ішінде орыс үлттына қатысты бір-екі ауыз сөз кеткен. Кітаптың қырық мың данасы шығып түрған кезде әдебі өртегі жіберді. Бұл баласын өлтіргенмен бірдей ғой.

– Осы кітаптың бір данасы болсын өртепмей қалды ма?

– Бір данасы қалды. Құдайға шүкір, үлттық санасы ояу азamatтар бар екен. Мұхтар Магаун жасырып бір данасын «үрлап» алып қалыпты, кейін 1993 жылы «Жұлдыз» журналының № 1 санын басып, оқырманмен қауыштырды. Қазір қолымыздан келгенше кітабын шығартып жатырмыз. «Ауыр күндер» деген кітабын екі рет қайта бастырып жарыққа шығарттым. «Құдірет» деген романы да библиографиялық сирек басылымдар қатарында. Оны да бірнеше рет шығарттым. Әлі де қарқынды жұмыстар жасалады деген ойлаймын.

– **Жазушының жазу стиліне, шығармашылығына сырт көзben қарап, өзіңіз сынаған кездеріңіз болды ма?**

– Біздің о бастаң келісіп алған шаруамыз бар. Ол маған «Менен үлкен жазушыларды қайнаға, менен кішілерді қайнам дейсін», – деп шарт қойды. Ешкімді жеріне, еліне бөлгөн емеспіз. Қазақстанның қайжерінен болсада, жолдасынан үлкендерді қайнаға, кішілерді Әбіш Кекілбаев, Қадір Мырза-Әлиден бастап қайнам деп атап кеттім. Бұл маған тым жақсы болды. Керемет қолдаушылар таптым. Ал шығармасы туралы ештеңе айтпаймын. Әйткені мен кітапханашымын. Ол кісіге былай жаз деп айтуда болмайды. Жазушы адам өзінің жүргегіндегін жазады, көргөнін жазады. Сондықтан оның шығармашылығына араласқан емеспін.

– **Кейіпкерлерінің психологиялыққөңіл-күйінкүнделіктіңізғамен шенденестіре суреттей отырып, қажетті нотация мен оқушының жан тамырын дәл тауып, рухани сауығуға үлес қосқан қаламгердің сүйіп оқыған кітаптары? Идеалы кім еді?**

– Бүкіл әлем әдебиетін жақсы көрді. Оның оқымаған кітабы қалмаған шығар. Әлемдік деңгейдегі авторларды мойындастын...

– **Ағамыздың кітапханасындағы кітап қоры туралы білгіміз келеді?**

– Улкен кітапханасы болды. Алғаш Астанаға көш келе бастағанда, балам Парламентте істеп жүрген. Сол кезде кітапхананы да көширгенбіз. Қазір үй салып жатырмыз. Кітапхананы қайта қалпына келтіреміз.

– **Кітапханашы мамандығы Сізді нендей жетістікке жеткізді?**

– Кітапханашы ретінде жетістігім өте көп. Кітапханашы мамандығын таңдағанымның арқасында бүкіл қазақстандықтардың махаббатына белендім. Сол кісілердің көкейіндегі мақсаттарының жүзеге асырылуына септім тиді. Өз кезеңінде олар да маған көмектесті. Қандай шара өткізек те жазушылар жағынан қолдау таптық. Әбіш Кекілбаев, Қадір Мырза-Әли, Дулат Исабеков, Әшірбек Сығай бәріне рақмет айтамын. Бұлармен бірге өзім де рухани өстім. Бұл дүниеге екінші рет келер болсам, қайтадан кітапханашы болар едім.

– **Кесіби тәжірибе алмасу мақсатымен шет елдерде болған боларсыз?**

– Қөптеген шет мемлекеттерде болдым. Түркия, Чехословакия, Белоруссия және басқа да елдердің кітапханаларын көзіммен көрдім. Солардың ішінде, соғы барғаным – Тегерандағы Иран Үлттық кітапханасы. Мен сол елдің кітапқа, кітапханаға деген махаббатын көріп, толқып келіп, көлемді мақала жазғанымын. Жалпы шет елге бару керек, көру керек. Өзінді өзің білмейсің. Қай дәрежеде келе жатқаныңды, ескенінді нә ешкенінді білу үшін шетелге шығу керек. Бірақ Қазақстан кітапханалары әлемдік кітапханалардан қалыс қалған жоқ, алдыңғы қатарда келеді. Бұл – біздің білікті кадрларымыздың арқасы. Кітапхана ісінің ілгерілеуіне Роза Аманғалиқызы, Мұрат Мұхтарұлы секілді майталман мамандарымыз көп үлес қосты. Алайда, бүгінгі бәскелестікten қалып қоймау үшін кітапхана ісін ұдайы өсіру керек.

## Всё богатство мира - в книге



Ирина Николаевна Дараган – ветеран библиотечного дела, награждена медалью «Ветеран труда». За ее плечами работа на должности заведующей библиотекой Дома Политпросвещения г. Петропавловска, директора Целиноградской областной детской библиотеки им. А.П. Гайдара, директора Целиноградской областной универсальной библиотеки им. С. Сейфуллина. Сейчас Ирина Николаевна трудится в читальном зале при общежитии Казахского гуманитарно-юридического университета. В Национальной академической библиотеке РК для библиотекарей г. Астаны Дараган И.Н. провела мастер-класс «А каждый читатель как тайна», на котором поделилась с коллегами опытом работы, говорила о необходимости постоянного повышения квалификации, саморазвитии, а также давала ценные советы касательно обслуживания читателей, применения различных форм работы с ними.

Вот уже 10 лет мы живём в новом тысячелетии. Какими мы стали за это время? Что и из каких источников мы узнаём нового о себе, о жизни, об окружающем мире? Как мы сегодня общаемся друг с другом?

Не спорю, мы стали грамотными, информированными, продвинутыми, но, как кажется, сбой в человеческой системе всё же произошёл: мы разучились общаться. «Главная роскошь на земле – роскошь человеческого общения» – мудро заметил Антуан де Сент-Экзюпери. В наш век эти слова ак-



туальны как никогда. Мы перестали общаться, понимать друг друга, мало читаем и результат – потеря грамотности, низкая духовная культура. А что дальше?

Новый век совершенно напрасно разлучил Читателя с Книгой. А отсутствие потребности в хорошей книге влечёт за собой серьёзные последствия. В наше время самым популярным информационным ис-

точником признан компьютер. Компьютер нужен. Но в каких объёмах и порциях? Всё должно иметь нормы...

Я библиотекарь и главное мое оружие – Книга. Нигде, как в библиотеке, в этой «живой и деятельной» энциклопедии, мы не находим ответы на все вопросы.

Сегодня библиотека КазГЮУ расположена в новом красивом здании. Фонд составляет 315 тысяч книг. Для студентов открыты семь читальных залов, в которых установлены компьютеры, сканеры, работают разнообразные выставки. Я работаю в читальном зале общежития КазГЮУ. Фонд зала универсальный, т.к. в общежитии проживают преподаватели, сотрудники и студенты со всех факультетов. Всего у нас имеется 7652 экз. книг, из них – 3626 экз. учебной литературы по различным отраслям; 4026 – художественной литературы. Получаем газеты, журналы.

У меня есть своя программа работы со студентами. Главная её цель – воспитать интеллигентных образованных специалистов. Студент должен знать всё об университете, библиотеке университета, читальном зале, о городе, где он живёт и учится. Поэтому общение с читателями, беседы с ними я ставлю во главу угла своей работы.

При пропаганде учебной литературы необходимо использовать все источники по данной теме. Например, студент спрашивает ученик «Политология» А.А. Радугина, И.Г. Хан, А.Н. Булатова. А я им также предлагаю ряд других авторов, рассказывая, между делом, что Хан И.Г. – преподаватель КазГЮА (г. Алматы), автор такого-то учебника, что есть учебные пособия Ильина, Белова, Мальцева и др. И так по каждому предмету. Таким образом, студент узнает, какая есть литература. Прежде всего, он должен быть информированным!

Самое трудное, но и самое интересное – это дипломные, на-

учные работы, рефераты. Тут библиотекарь выдаёт всю информацию по выбранной теме, используя монографии, учебники, журналы, газеты, материалы конференций нашего и других вузов. Но самое важное, пожалуй, – это правильно составленная библиография. Привожу беседы, учу, подсказываю. Часто задают вопросы, просят посоветовать.

Недавно студент по имени Нурлан попросил почитать «Фауста» Гёте. Передавая ему книгу, я отметила, что это будет не просто чтение, а изучение той эпохи, истории. Гёте пользуется традиционными образами христианской легенды, но вкладывает в них совершенно иное – гуманистическое, просветительское содержание. Нурлан долго читал «Фауста», остался доволен. А во время беседы, после прочтения, привёл такие строки: «Лишь тот достоин жизни и свободы, кто каждый день за них идёт на бой». На что я ответила: «Немецкий философ Лессинг воскликнул: «Как влюблена была Германия в своего «Доктора Фауста». У нас получился весьма интересный диалог. Также юристам рекомендую почитать романы Теодора Драйзера «Финансист», «Стойк». Как-то студент первого курса попросил книгу Цицерона ... Но я посоветовала пока подождать, так как ему будет трудно понять, потому что нет соответствующей подготовки. Ещё обратила внимание на то, что студенты из групп «Судебная криминалистика» чаще спрашивают стихи, а не драматики.

Художественная литература у нас представлена в открытом доступе: можно подходить, брать, читать в зале. При наличии читательского билета выдаём на дом. Из классики большей популярностью пользуются «Слова назидания» Абая, произведения А.С.Пушкина. Кроме этого, спрашивают книги Мухтара Ауэзова, Чингиза Айтматова, Эрнеста Хемингуэя, популя-

рен и сборник произведений молодых писателей и поэтов Казахстана «Мой Казахстан, моя земля» - победителей республиканского литературного конкурса с одноимённым названием.

Я очень внимательно отношусь к различным проектам, изучаю, какой бы тематики они ни касались: здравоохранения, культуры, образования... Но самое главное - все новинки, наш книжный фонд хорошо должны знать наши читатели – студенты. «Оперативная информированность» - один из важных принципов нашей работы. «Обзоры новой литературы» – это хорошо забытое старое. За 10 минут рассказываем о новых учебниках. Ежеквартально в Главном корпусе проводим «Дни информации». Каждый месяц организовываем книжные выставки. Например, «Труды учёных КазГЮУ», «Мой университет», «Новинки», «М.С.Нарикбаев – мудрый, талантливый учёный» к 70-летию со дня рождения..... Так же у нас проходят различные конференции, Дни поэзии. Участвуем в республиканской акции «Одна страна – одна книга». Как известно, в этом году выбрана поэма Ж.Молдагалиева «Я - казах».

Также мы обязательно проводим с читателями беседы о вежливости, знакомим с правилами пользования читальным залом, каталогом и т.д. Учитывая, что первый курс – это бывшие школьники, с ними надо больше работать.

Мы работаем с читателями и на государственном, и на русском языках. Так называемого, языкового барьера, у нас нет. Если студент правильно называет автора и название учебника, или дисциплину – всё равно он получит книгу. У нас учатся оралманы из Китая, первое время, конечно, трудно было, но сейчас мы понимаем друг друга.

Можно ли привить любовь к чтению? Нужно! Необходимо рекомендовать для чтения то, что ты сам читал. После прочтения обяза-

тельно надо спросить: «Понравилась книга или нет?». О прочитанном с читателем надо беседовать. Если книга не понравилась, советуйте другую. Этот процесс должен быть постоянным. В нашем университете большой акцент делается именно на гуманитарное развитие, а значит на знание литературы. «Без чтения нет настоящего образования. Нет и не может быть ни вкуса, ни слога, ни многосторонней ширы понимания. Чтением человек переживает век...», - писал русский писатель, публицист, революционный деятель А.И. Герцен. А русский филолог и педагог И.Соловьев сказал: «Чтение - наименьшая затрата с наибольшей прибылью». В духе нашего времени, в современных реалиях это высказывание очень актуально. Из всего сказанного можно сделать вывод: профессия библиотекаря – бессмертна. Мы нужны всем нашим дорогим читателям - школьникам, студентам, учёным, преподавателям. Поэтому молодым библиотекарям мой на-каз:

Любите свою профессию, на работу ходите как на праздник!

Уважайте читателей! Учитесь умению общаться с ними, находите подход!

В вас всегда должно быть стремление помочь читателю! Оперативно и правильно выполнить его запрос!

Изучайте книжный фонд. Повышайте свою квалификацию!

Говорите грамотно. Ясно излагайте свои мысли.

Постоянно учтесь новому.  
Проявляйте терпение во всём!

Нашу встречу хочу закончить строчками:

«Всё, что создано умом,  
Всё, к чему душа стремится,  
Как янтарь на дне морском,  
В книгах бережно хранится»

Любите книгу! Ни дня без книги!

# Жалынхалықтың оқуғас - Жұбан жыры

ХХ ғасырдың 60 жылдары жазба поэзиямыздың жауһар жыр айдынын толықтырган тағы бір тың туынды – Жұбан Молдағалиевтың «Мен қазақпын» эпикалық дастаңы. Қазақ атын көкке көтеріп, үлтқа мәңгілік әнұран бол қабылданған жырдың бас кейіпкері бар. Ол – қазақ. Қазақ ақынының империяның қаһарлы қылышынан қаймықтай қарап тұрып:

Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген,  
Жергегімде таныстым мұн тіліммен.  
Жылағанда жүргім, күн тұтылып,  
Құанғанда күлкімнен тұн түрілген.

Мен қазақпын, биікпін, байтақ елмін,  
Қайта тудым өмірге, қайта келдім.  
Мен мыңда бір тірілдім мәңгі елмеске,  
Айта бергім келеді, айта бергім,..  
– деген отты тармақтарды тәгілтті.

Миллиондардың жүргегін қазақпын деп тербетіп, Алты Алаштың алғысын арқалаған Жұбан ақынның жалынды жыры жалпыхалықтық оқуға ұсынылды.

Биыл «Бір ел – бір кітап» акциясы төртінші рет ұйымдастырылғалы отыр. Жұықта аталған акцияны ұйымдастыру комитетінің кезекті отырысы өтті.

Басқосуда «Бір ел – бір кітап» акциясын ұйымдастыру комитеттінің төрайымы Фариза Оңғарсынова: «Оқу акциясы еki-ұш жылдан бері етек алып келе жатыр. Мұны, алдымен, американцыңтар бастаған еді. Бұл – кітап оқуға жақыннататын маңызды шара. Біздің елімізде кітаптан мүлде қол үзгендер қатары көп емес. Денгемен, мұндай мәдени шара өте керек», – деп күн тәртібінде кітап таңдау тұргандығын жеткізді. Ал-



*Бір ел – бір кітап*

дымен, ұсыныс жасаған жазушы С. Оразалиннің ой-пікірі: «Биыл Ж. Молдағалиевтің 90 жылдығына орай, автордың «Мен қазақпын» поэмасы таңдауға тұрарлық. Алайда Алаш идеясын кеңірек насиҳаттауға Ә. Бекейханов лайық деп санаймын. Ұлт көсемі ретінде Ә. Бекейхановты алайық. Оның шығармаларын көпшілік біле бермейді».

Мұнымен комитет төрайымы Фариза Оңғарсынованыңұстанымы сәйкеспеді: «Әлихан Бекейханов жазушы емес, ұлт қайраткері? Сонда оны таңдаудағы принципіміз не? Сондықтан адам баласының мұн-мұқтажын дәл басатын, қарапайым жүрттың көңіліне қонатын көркем

туындыларды таңдауға алуымыз керек. Қазір мұхиттың арғы жағынан жеткен шығармаларды аударып жариялайтындар көп. Бірақ өз әдебиетіміз ғана ұлтты тәрбиелеуге қызмет етеді... Көркем әдебиетті ғана шығару керек... Егер біз тарихқа шегініп бай-білерді көрсеткіміз келсе, онда басқа шара ұйымдастыруымыз керек!..».

Ал ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Алдан Смайлұ: «Біз сатылап келеміз бе? Әрбіреудің мәрітойын қыып жүрсек, әдебиеттен алыстап кетеміз... «Бір ел – бір кітап» акциясының принципімен жүргеніміз дұрыс. Сабактастық болуы керек. Мағжаннан кейін Б. Майлинге түсейік. Оның

«Әлихан Бекейханов жазушы емес, ұлт қайраткері? Сонда оны таңдаудағы принципіміз не? Сондықтан адам баласының мұн-мұқтажын дәл басатын, қарапайым жүрттың көңіліне қонатын көркем тұындыларды таңдауға алуымыз керек. Қазір мұхиттың арғы жағынан жеткен шығармаларды аударып жариялайтындар көп. Бірақ өз әдебиетіміз ғана ұлтты тәрбиелеуге қызмет етеді... Көркем әдебиетті ғана шығару керек... Егер біз тарихқа шегініп бай-білерді көрсеткіміз келсе, онда басқа шара ұйымдастыруымыз керек...»

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА

**«Біз төледидардан біз қазақпыз деген сөзді естімейміз. Қазақтықтан құрып барамыз. Сондықтан «Мен қазақпын» жыры жалпы үлтқа ұнайды»**

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА

әңгімелерін ұсынамын», – десе, оған ҚР Парламенті Сенатының депутаты Фарифолла Есім ескерген жайттар қайшы келеді: «Бүгінде ауыл қазағы, қала қазағы деген сөздер шығып жатыр. Біздің жастарды XX ғасырдағы қазақ ауылы қызықтырмайды. Үлкен аудиторияға мұндай шығарманың қажеті жоқ. Егер Майлін әңгімелерін таңдасақ, онда Майлінді мазақ құлғанымыз. С. Мұқановтың «Бетағезі», Б. Майліннің бірқатар шығармалары тек филология факультетінің студенттеріне, түлектеріне керек... Мен таласпаймын. Бірақ біз әдебиетті насиҳаттап отырмыз ба әлде әдебиет арқылы осы замандық құндылықтарды алуымыз керек пе? Мениңше, әдебиеттен құндылық іздеуіміз керек...».

О дүниелік бол ортамыздан кеткен қаламгердің енбекі ешкімге керек болмайды деген керегар қөзқарас білдірген Астана қаласындағы ОЮК директоры С. Медеубеков: «Бізге тірі адам керек. Халықта оны көрсетуіміз керек. Бізде мұның бәрі – «показуха». Оларды насиҳаттайтын жана-шырлар жоқ. Ал автордың өзі жоқ

**«Бізге тірі адам керек. Халықта оны көрсетуіміз керек. Бізде мұның бәрі – «показуха». Оларды насиҳаттайтын жанашырлар жоқ. Ал автордың өзі жоқ болса, шығармаларын сұраушы да жоқ. Біз халықты да, өзімізді де алдап жүрміз»**

Сапарғали МЕДЕУБЕКОВ

болса, шығармаларын сұраушы да жоқ. Біз халықты да, өзімізді де алдап жүрміз». Аңсақ ойға дәлелді

жауапты жазушы Әкім Таразидан естідік: «Сенің мынауың дұрыс емес. Мен Жамбыл облысындағы өскери бөлімшеде болдым. «Қыл заманды» сұрағандар көп болды».

Осы сәттегі Сенат спикері F. Есімнің пікірі қөңілдерге қона кетті: «Мениң таңдауымда үш адам бар. Олар – Фариза Оңғарсынова, Жұбан Молдағалиев және Жұмекен Нәжімеденов. Осылардың біреуін

**«Мениң таңдауымда үш адам бар. Олар – Фариза Оңғарсынова, Жұбан Молдағалиев және Жұмекен Нәжімеденов. Осылардың біреуін алайық. Акцияда көркем шығарма болуы керек. Қазақ елі мәселеңін көтеріп жүрген қазіргі кезде «Мен қазақпышында» тулетіп жатсақ, біз адаспаймыз. Өзі де жоқ, көзі де жоқ Жұбан Молдағалиевті таңдайық. Кезінде жаттап өскенбіз. Соны таңдасақ деген ұсынысым бар. Ол – қателік емес. Оган ешкім ренжімейді. Керек десеніз, өзі — ұран»**

Фарифолла ЕСІМ

Дауысқа ұсынылған авторлар мен шығармалар: 1. Жұбан Молдағалиев «Мен қазақпышын», 2. Бейімбет Майлін «Шұғаның белгісі», 3. Бердібек Соқпақбаев «Мениң атын Қожа». Сонымен кеңес қарары бойынша биылғы акцияда бүкіл ел бірге отырып талқылайтын туынды – Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақпышын» поэмасы. Рухани кесем атынан қазақтың үніндей бол қалған әнұран елу жыл бойы жанға азық болған еді. Жұз жыл етсе де өлең шоқтары жұлдыз бол жыр көгінде жана бермек. Ал Жұбан ақынның жыр деп соққан жүргегінің дүрсілі туған халқы қазақ барда тоқтамайды.

Басқосуға республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясын үйімдестеріру комитетінің мүшелері қатысты.




Дайындаған Айсүлу СЕЙЛОВА  
e-mail: azse@mail.ru

# ШОҚАН ӘЛЕМІНІҢ ФИБРАТЫ

**Мұхаммед-Ханафия (Шоқан) Шыңғыс-ұлы Уәлихановтың 175 жасқа толуына байланысты еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі мәдени, ғылыми шаралар өткізіліп жатыр. Осы мерейтой қарсаңында Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында Шоқан Уәлихановқа арналған «Бүкіл адамзат баласын сүйемін...» атты көрме өтті.**

Қазақ ғылымының қабырғасын қалаған ірі қарраткерге арналған көрме Тәуелсіз Қазақстан халқымен қазақтың тұнғыш ғылымы Шоқан Шыңғысұлының «Аққанжұлдыздай» қысқа ғұмырындағы адам баласына деген сүйіспеншілігін, арманын қауыштыру мақсатында үйімдастырылды.

Көрмеге этнограф, саяхатшы, ғалым Шоқан Уәлихановтың «сегіз қырлы бір сырлы» әлемін зерделеу бағытында оның сурет салу өнері, өнерсүйіштігі, өнерлі адамдарға деген ілтипатын ерекше көрсетуді басты назарға алдық. Шоқан тұлғасы, ең алдымен, зор жауапкершілік жүктейтін үлкен аманат екенін сезіндік. «Күміс кездік қын тубінде жатпас» деген даналық сөз ғалымының ғылым жолындағы қаншама қындықтарға, қаншама қауіп-қатерге бас тіге жүріп жинап, жазған құнды өңбектеріне қатысты айтылғандай. Осы көрме арқылы Шоқанның портретін жасап, оқырманды ғалыммен сырласуға шақырдық. Жұмыс барысында біз өзіміздің Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасындағы ғылыми және көркем әдебиетпен қатар кітаптар мен бейнелеу өнері жинақтарын (иллюстрациялар) пайдаландық. Бұл материалдар автордың кон-



баласын сую құрметі жүректерге жол табады деп ойлаймыз. Өз идеяларымызды дереккөздердегі Шоқанға қатысты цитаталармен толықтырылған. Көрмеде Шоқанның шешіресі, «жігіттің үш жұрты», өңбектері, достары, қызметі, саяхаты, естеліктері және салған суреттерінің галереясы ұсынылды. Этнография залының мамандары Шоқан салған суреттерге негізделген қазақ, қыргыз әйелдерінің бас киім үлгілерінен көрме жасады. Шоқан сол замандағы бас киімдердің көзімен көріп отырып салған.



цепциясына – көрменің басты идеясына негізделді. Біздің көрме – Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановқа деген шекіз сүйіспеншілігіміз бен махаббатымыз. Егер кімде-кім осы уақытқа дейін Шоқан әлеміне мән бермеген болса, осы көрмeden кейін Шоқан сияқты бүкіл адамзат

Демек, ол ұлттық бас киімдердің нақты үлгісі болып табылады. Бұл – бір. Екіншіден, қазақта «дос басқа, дұшпан аяқта қарайды» деген қанатты сөз бар. Осы орайда, бас киімнің рөлі, бас киім кио әдебі, ырым-тыбымы яғни, бас киім мәселесіндегі қазақтың



ұлттық коды нақты сақталуы тиіс. Қазіргі кезде, өкінішке орай ұлттық нақышымыздың «сенделіп» кеткендірі өшкімді таң қалдырымайды. Кейбір модельерлер бас киімді интерпретациялық үлгіде жасап, оны әртістер сахнаға киіп шығып жүр. Қалай ыңғайлы, оң ба, теріс пе кие беруге болады. Менің ойымша, бұл – бас киімдерге мүлде жат үлгі. Қазақ баласы бас киімді теріс кимейді, босағага ілмейді, біреуге сыйға тартпайды, өзгенікін кимейді және бас киімді ауыстырымайды. Зер салып қарасаңыз, Шоқан салған суреттердегі әйелдердің бас киім үлгілері теренген сыр тартып тұр емес пе?! Мәселен, «Қозы Қерпеш – Баян сұлу» мазарының жаңындағы балбал тастардың (бүгін жоқ?) Шоқан суретіндегі Ай, Таңсық бастарындағы кимешек, орамала-

ры. Қандай ғажап! Кимешекке келсек, ол да – бір тылсым құдіретімен үндескен бас киім. Ақ матадан тігілуі, «ана» екендігінің дәлелі және жасына, тұрмысына, тайпасына қатысты түсінік беретін танымдық белгілердің топтастырылған энциклопедиясы боларлық кимешектің де қадірін біле бермейміз. Кимешектің алдында сәүкелесін киіп, ұзатылып келген бойжеткен, балиғатқа толған кезінен бастап құндыз, кәмшатпен көмкерілген беріктер киген. Ал бұлдіршін кезінде тыын, теңге, үкі қадалған әшекейлі тақия кигізген. Десек те, осындаиды мына бір мәселе ойландырады. Сол тыын, теңге, үкі қадалған бас киімді сәбілерең неге кигізбеске? Адамның басын құрметтеуге тәрбиелеген ата-бабаларымыздың философиялық пайымдауы бүгінгі

заман талabyна еш кедергісін келтірмейді. Керісінше, жақсы тілеумен, оңтайлы ырым-жоралғылар тұрмысымызды көркейтпесе, кемітпес. Ал қазір қытайдың мескәрын құдайы мен аузына тыын тістеген бақасын қастерлеушілердің «барлық байлық сол екеуі арқылы келеді-міс» деген утопияға елітіп жүргендеріне не дейміз?! Міне, ой ойды қозғайды. Жақсы ой жақсы әрекетке жетелейді. Шоқан Ұәлихановтың «Тек ақықат білім ғана құдік туғызбайды, ол өмірді бағалауға, тұрмысқұруға үйретеді», – деген пәлсапалық пайымы осы көрменің кредитосы іспетті. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – Шоқан әлемінен алатын гибрат, бағдар, тәлім мол.

# ТАРАЗЫНЫҢ ЕКІ БАСЫН ТЕҢ ҰСТАЙТЫН ТАРАЗИ

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында Қазақстанның Халық жа-  
зушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы, кинодра-  
матург Әкім Таразидің «Таразының екі басын тен ұстайтын Тарази»  
тақырыбында кітап көрмесі ашылды.



Әдемі әңгімелері мен романдары арқылы қаймана қазақтың қиялына қанат бітірген қайсар қаламгер Әкім Таразидің қазақ әдебиетіндегі қолтанбасы қымбат. Оқырмандарының жүргегіне ма- хаббатпен жол салған жазушының «Тасжарған» романы жарық көрген сәттен халықтың зор ықыласына

бөлөніп, жастар жастанып оқитын сүйікті кітапқа айналғаны бәрімізге мәлім. Кейіпкерлері арқылы заман ағымының бейнесін көркем һем шебер суреттеп, «Кен», «Жаза», «Бұлтқа салған ұсыны», «Жаңбырлы түндер» тәрізді роман- повестерімен, «Жолы болғыш жігіт», «Жәке-Жәкетай», «Жақсы кісі» пьесаларымен, «Соқ, барабан»,

«Көюкиекке кеткен із», «Қарашибараш оқиғасы», «Мұстафа Шоқай» фильмдерімен көпшілкітің көңіл төрінен орын алғанын білеміз.

«Жарты ғасыр бойы халқын шығармашылығымен сусындардан Әкім ағаның кітап көрмесінің тұсауын кескелі отырмыз. Әкім Таразидің шығармалары – роман- дары, повестері, әңгімелері, ки-



Дайындаан Сымбат МҰХАМЕДИЯРОВА  
e-mail: 445Simbat@mail.ru

носценарийлері қазақ әдебиетінің мол қазынасын топықтырды. Енді жазушының еңбектерін қала студенттері, жоғары және орта білім беру мекемелерінің мұғалімдері, оқушылары көріп, таныса алады. Бұдан бұрын Әбіш ағамыз бер Фариза апамыздың мерейтойына арналған бір айлық көрмеміз еткен болатын. Міне бүгін тағы да бір тарланның тамаша көрмесін ашып отырмыз», – деді көрменің ашылу салтанатында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының бас директоры, жазушы, драматург Рахымжан Отарбаев.

Көздің жауын алып, керемет ой сапарына жетелейтін көрмеде Әкім Таразидің тағылымдығымырбаяның айшықтайтын ақ қанаттар мен көнекөз тарихи фотосуреттер және жеке мұрасындағы құнды құжаттары, кітаптары, газет-журнал беттеріндегі жарияланымдары қойылды.

В начале апреля впервые в Астане состоялась книжная выставка-ярмарка «BookExpoAstana-2010». Прошедшая при поддержке Министерства связи и информации Республики Казахстан и стоящего акимата, она стала местом встречи главных действующих лиц книжной индустрии: издателей, писателей, библиотекарей, книготорговцев, полиграфистов. Для посетителей была представлена разнообразная продукция литературного, научного, учебного, детского книгоиздания Казахстана, России и других стран.



## КНИЖНОЕ СОЗВЕЗДИЕ

На выставке-ярмарке приняла участие и Национальная академическая библиотека РК, возможности которой были представлены на книжной экспозиции «Современные библиотечные ресурсы в помощь образованию и науке». Для желающих был проведен одноименный информационный семинар. Его участники ознакомились с направлениями

работы НАБ РК и Казахстанской национальной электронной библиотеки (КазНЭБ), электронными услугами, разнообразными удалёнными базами данных и т.д.

Особенно внимание посетителей привлекла ярко изданная книжная продукция для детей. Так, издательство г. Шымкент «Шикула и К» разработало специальную серию «Нурсауле-Лучик» для де-





тей дошкольного и младшего школьного возраста. Это красочно оформленные познавательные, учебные художественные книги на двух языках с игровой формой обучения. Здесь же для маленьких читателей были организованы игры и викторины, а их участники не только получили призы, но и запомнили, что встреча с книгой – это веселое и полезное занятие.

Немало людей собралось и у стенда московского издательства «Комикс». Тут и знакомые по мультфильмам герои и чисто книжные «властители детских дум». Формат – от толстых антологий до книжек-раскрасок.

Кроме этого, была выставлена продукция издательств «Кітап», «Атамұра», «Фолиант», «Деловой мир», «Дәуір», «Карапуз» (Россия), «Информ-

наука» (Россия), «Imak Ofset» (Турция) и многих других компаний, находящихся на рынке не менее 10–15 лет.

Дебют выставки BookExpoAstana-2010 в столице не остался незамеченным. И очевидным стало одно – что удовлетворить вкус современного читателя будет не так просто, но ведь именно наличие предложений свидетельствует о спросе. Все-таки в век новейших информационных технологий человек не может представить свою жизнь и без книги тоже.



## МАМАНДАР МЫСЫРДА МАШЫҚТАНДЫ

Наурыз айында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының он төрт қызыметкери іссапармән Египет Араб Республикасына аттанды. Сапарды Египет Араб Республикасындағы Қазақстан Елшілігі мен ТМД елдеріндең ЕАР техникалық ынтымақтастық қоры ұйымдастырды. Мақсат – Египеттегі жетекші кітапханалар мен танысу, өзара тәжірибе алмасу, кадрлар біліктілігін жетілдіру. Қазақстандық кітапханашылар Каир каласындағы Ғылыми зерттеу орталығында оку курсынан өтіп, сертификатпен оралды.

**17-наурыз.** Ғылыми зерттеу орталығында семинардың салтанатты алуы болып, семинар бағдарламасын ұйымдастырушылармен және үйлестірушілермен таныстық. Бұл күні қазақстандық делегация «Қағаз және цифрлы кітапханаларға ақпараттық технологияларды енгізу» тақырыбында дәрестыңдады. Лектор – электронды кітапхана маманы Рами Ахмад Хамди. Қазіргі ақпараттық қоғамдағы кітапхананың ролі, азаматтардың ақпаратқа қол жеткізуіндегі теңсіздікті жоғарды, озық технологияның көмегімен мәдени мұраны сақтау қажеттігі ой өзегіне ай-

налды.

Сол күнгі саяхат барысында Ұлттық мұрағатқа да ат басын бұрдық. Ұлттық мұрағаттың жалпы көлемі – 1000 ш/м. Мұрағат лабораториясында құжаттарды қалпына келтіру жолдары көрсетілді.

**18-наурыз.** Каирдегі екінші күн. Біз Египет Ұлттық кітапханасындамыз. Кітапхана 1870 жылы ашылған. Тұнғыш кітап қоры Каирдегі дәүләтті тұрғындардың көмегімен құрылды. Археологтардың ежелгі көмбелерден тапқан кітаптары да – сирек қорлар қатарында. Мұндағы кейбір кітаптар мың жыл жасаған. Кітапханадағы



1,5 млн аса сақтау бірлігін құрайтын құндылықтар – кітаптар, сирек жазбалар, мерзімді басылымдар, микрофильмдер. Осы ресурстардың 60 %-ын араб тіліндегі, 25 %-ын ағылшын тіліндегі, қалған 15 %-ын еуропалық тілдердең і қорлар құрайды. Египетте жарық көретін басылымдардың 10 данасы осында жеткізіледі. Ал Египет жайлы жазылған кітаптарды тіркейтін орын да – осы кітапхана.

**19-наурыз.** Альс Астанадан армандалап, аңсап келген – Александрия кітапханасы. Біздің дәүірімізге дейінгі III ғасырда тарихқа еніп, аңыз бол қалған көне кітапхана. Екі жұз жылдан кейін кітапхана қорында 700 мынға жуық жазба жиналған. Эрі қарай – соғыс, ерт. Соның салдарынан жылдар бойы жинақталған қазыналар жойылды. Александрия қаласы он алты ғасырдай кітапханасыз қалды. XX ғасырдың аяғында мемлекет басшысы антикалық Александрия кітапханасын қайта жаңғыру


жайлы қарап қабылдайды. Арнайы декларация шет елдік президенттер тарапынан да қолдау тапты. ЮНЕСКОның жетекшілігімен Александрия кітапханасын қайта құру жұмыстары басталды. Жоба құны 200 млн доллар деп бағаланады. Жобаға қатысқан 77 елден 1400 үлті ұсынылады. Нәтижесінде норвегиялық сөүлетшілерге сеніп тапсырылады. 2002 жылы жаңа ғимарат ресми ашылады. Африка континентіндегі алып кітапхана – 11 қабатты, биіктігі – 33 метр, жалпы көлемі – 45 мың шаршы метр. Фаламат ғимараттың жер асты бөлігінде 8 000 000 том жәдігер сақтаулы түр. Кітапхана қоры да қайта жаңғырды. Құн сайын мұнда әлемнің әр алуан нұктесінен туристер саяхат жасап жатады. Дыбысжоғалтқыш жүйесінің арқасында кітапханада қашан да тыныштық. Ертегі елде ежелгі дүние ескерткіштерімен танысып біз

тұрдық.

**21-наурыз.** Келесі бағыт – Каир университетінің кітапханасы. 1908 жылы жеке тұлғаның қаражаты есебінен құрылған Каир университеті 1925 жылы Ұлттық Білім министрлігіне қарасты Мемлекеттік университет болып қайта құрылды. Университетте 23 факультет бар. Университет кітапханасы 1931 жылдан жұмыс істеп келеді. Қазіргі уақытта кітапхана пайдаланушыларына 235 атауда мерзімді басылым, 46 мың кітап, 60 мың CD дискілер ұсына алады. Бұдан бөлек, 14 мәлімет базасына еркін енүе мүмкіндік жасалған. XIII ғасырда табылған папирузтардың бірегей коллекциясы да – Каир университеті кітапханасының үлесінде.

**22-наурыз.** «Жазбалар мен құжаттарды қалпына келтіру, оларды сандық форматқа өзгерту», «Диссертациялар технологиясы» тақырыптарында астаналық делегацияға дәрістер оқылды.





**23-наурыз.** Бұл күнгі маршрут – Америка университетінің кітапханасы мен Бейбарыс Сұлтан мешіті. Каирдегі Америка университетінің кітапханасы осы замандық талаптарға толық сай келеді. Кітапханашы мамандар оқу орнындағы оқытушылар мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазу кезіндегі сұраныстарын орындаиды. Кітапхана қорындағы баспа өнімдері – 408 мың, электронды кітаптар – 45 мың. Кітапханада 79 маман қызмет көрсетеді. «Милениум» бағдарламасы, ДҮЮи (ДҚД) жіктелімі бойынша жұмыс жасайды. АҚШ-тағы Конгресс

Екі ел кітапханашыларының әріптестік байланысын өрі қарай жалғастыру үшін Александрия, ЕАР Ұлттық кітапханасы және ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы басшылығы бірлесіп, үш жақты ынтымақтастық туралы келісімге қол қою қажет дег күтілуде.

Осы мақсатпен мамыр айында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының бас директоры Рахымжан Отарбаев Египет еліне жол журеді.

кітапханасының электронды каталогына қосылған. Кітапханада жеке отырып та, топпен бірге отырып та жұмыс жасайтын орталықтар бар.

Бұдан соң, Египетті билеген төртінші сұлтан Бейбарыс бабамыздың мешітіне аялдап, ғибадат еттік.

**24-наурыз.** Сәрсенбінің сәтті күнін «Кітапхана қызметінде Интернет желісін қолдану технологиясы және оны

жетілдіру» тақырыбындағы лекцияны тыңдауға арнадық. Баяндашы ғаламторды пайда болу тарихы, кітапхана ісіне қажетті бағдарламалар турағы әңгімеледі. Сонымен қатар «Қашықтан оқу» деңгөн атаумен Уния Мұхаммед оқыған лекцияды екінші мамандық алуға аса қажет оқу түрі сөз болды. Оқудың жаңа формасы – АҚШ-да жоғары бағаға, жоғары сұранысқа ие.

**28-наурыз.** «Кітапханашыны кәсіби өрі психологиялық дайындау» тақырыбындағы дәрісте әріп-тестер кітапханашыны кәсіби жетілдіру, академиялық білім алу қажеттігі жөнінде ой бөлісті.

Мысыр сапары мәдени-туристік бағдарламамен жалғасты. Бағдарлама аясында жер жүзіндегі жеті кереметтің бірі – Мысыр пирамидасына, сондай-ақ Ніл өзені жағалауына, Шарм эль Шейх курортына барып демалдық.



Дайындаған Галия Бекетайева  
e-mail: g.bukeevna@mail.ru



LIBRARY OF  
CONGRESS



Конгресс кітапханасы (*The Library of Congress, Washington*) – әлемдегі ең үлкен кітапхана, Америка Құрама Штатының астанасы Вашингтонда орналасқан. АҚШ Конгресінің гылыми кітапханасы болып саналады, үкіметтік органдарға, зерттеу мекемелеріне, гылыми қызметкерлерге, жеке фирмаларга және өндіріс компанияларына қызмет көрсетеді.

Мұнда 1460 орынға сәйкес 22 оқу залы бар. Ұлттық цифровы кітапхана да жайгастырылған. Кітапхана штатындағы қызметкерлер – 5 мыңға жуық.

## КОНГРЕСС КІТАПХАНАСЫ

### Мемлекет және муниципалды мекеме

1800 жылы 24-сәуірде муниципалды мекеменің негізі қаланды. Сол кезеңде АҚШ Президенті Джон Адамс (John Adams) астананы Филадельфиядан Вашингтона аудыстыру туралы заңға қол қойған. Осы заңда Конгресске керек кітаптарды сатып алуға және оны сақтайтын ғимарат құрғуға 5.000\$ көлемінде қаржы бөлу туралы пункт сақталған. Кітапхананың

қызмет көрсету ережесіне сәйкес, кітапхана ресурстарына АҚШ Президенті, вице-президенті, АҚШ Сенатының мүшелері мен Палата әкілдері (АҚШ Конгресі) қол жеткізді. Мекеме «Конгресс кітапханасы» деген атауға ие болды.

1802 жылғы 26-қантарда президенттік билікке келген Томас Джефферсон (Thomas Jefferson) кітапхана қорын, оның ролін көтеруді тапсырады. Сол кезеңдерден кітапхана қоры үлғая бастады.

1814 жылғы Азаматтық соғыста ағылшын әскерлері Капитолийді өртеп жібереді (Капитолий – Сенаторлар мәжіліс өткізетін ғимарат). Соның салдарынан Капитолий ғимаратындағы кітапхана үш мың дана кітабынан айрылады.

АҚШ экс-президенттердің бірі Т. Джефферсонның (1801-1809 жж.) билігі тұсында 6487 томнан тұратын әр алуан тақырыптағы кітап коллекциясы сатып алынған.

XIX ғасырдың ортасына қарай Ұлттық кітапхана ретінде

Конгресс кітапханасында қорды толықтыру жұмыстары жалғасын тапты. Алайда Конгресске қажетті деген әдебиеттерді сатып алу мүмкіндігі өр түрлі жолдармен шектелді. Оған дәлел, 1836 жылы орыс дворяны Бутурлиннің кітап коллекциясын сатып алуға тыым салынуы.

1851 жылғы жойқын өрт кітапхана қорындағы 55 мың кітаптың 35 мыңға жуығын жалмаған. Сол кітаптардың іштепенекі бөлігі Томас Джейферсон кітапханасының үлесіне жататын еді. Бірақ бұл кезеңде халықаралық кітап алмасу қоры бойынша жұмыс базалуы тиіс болатын. Кезекті қындық қыспағына қарамастан заң әдебиеттері кітапханасы құрылды. Бұл бүгінгі таңда да кітапхананың басты бөлімі болып саналады. Заң әдебиеттері кітапханасының қоры 5 млн. томға жуықтайды.

Әр дәүірдегі алапат апартардан кейін Капитолий ғимараты қайта құрылады. Оқырмандар қатары да көбейе түседі. Осылайша кітапхана туристер келіп

саяхат жасайтын жаңа имидж қалыптастырады.

1865 жылы Конгресс кітапханасы АҚШ-дағы кітапханалар бойынша төртінші орынды иеленсе, Ұлыбритания, Германия, Ресей және Франция Ұлттық кітапханаларынан көп жағдайда кенжелеп қалды. Сол мерзімдегі кітап қоры 80 мың томды құрады.

Бұдан соңғы 50 жылда Конгресс кітапханасы көп өзгеріске ұшырады. Жұз жылға жоспарланған жаңа мекемеге штатқа сәйкес 108 маман қызметкө қабылданса, кітап қоры 740 мың томнан асты.

1870 жылы «Міндетті даналар туралы» заң қабылданды. Мұнымен қоса, жеке тұлғалардан кітап сатып алу, сыйлық ретінде қабылдау дәстүрі енді. Бұл тәжірибе әлі де сақталған.

## Президенттер және ғимараттар

1897 жылғы қараша айында Конгресс кітапханасы жаңа

ғимаратқа көшірілді. Капитолийге қарама-қарсы орналасқан тұңғыш ғимарат жылдардың өтүмен Т. Джейферсонның атымен аталды. 1939 жылы іргесі қаланған екінші президент Дж. Адамстың есімі берілген. 1980 жылы бой көтерген үшінші ғимаратқа төртінші президент Дж. Мэдисонның есімі лайық деп танылды.

Конгресс кітапханасының үш ғимараты екі-үш қабаттың жер асты жолы арқылы бір-бірімен байланысып жатыр. Әрбір таблода көрсетіліп тұрған ақпараттардан оқырман өзінің қайда екенін анық біле алады. Сондай-ақ мекеме жоспары да жол бойы сапаршыға серік болады.

## Бәрі де Сіздерге арналады

Конгресс кітапханасында жылына 1 миллионнан аса оқырманға қызмет көрсетіледі. Интернетті пайдаланушылар үшін ғаламторға ену ақысыз. Құніне кітапхана қонақтарына төрт рет экскурсия жүргізіледі. Кітапханада саяхаттау немесе каталог залында жұмыс істеу үшін оқырман билетінің керегі жоқ. Алайда кітапхана қорын пайдалану үшін оқырман билеті міндетті түрде қажет болады. Ескерткі кетейік, кітапханага бір күнде саяхат жасап шығу мүмкін емес.

Ал кітапхана каталогындағы 30 миллионнан аса карточка электронды формага аудыстырылды. Конгресс кітапханасының электронды кітапханасына ғаламтор желісі арқылы кез келген пайдаланушы еркін енүіне болады.



АҚШ бас кітапханасының принципі: жалпыхалықтық, қол жетімділік және ақы талап етпей. Кітап қоры оқырмандарға әрдайым ашық. Кез келген кітапқа кітапханашының көмегінсіз тікелей қол жеткізуге мүмкіндік бар. Кітапты компьютер арқылы жеке электронды формулярына жаздырып алады. Сондай-ақ кітаптың кітап пен газет-журналдардың қажетті беттерін ксерокөшіргіден өткізіпалаалады. Бірақ бұл авторлық құқық туралы заңмен байланысты. Авторлық құқық тәртібі міндетті түрде сақталады. Авторлық құқықты ресімдеумен арнайы бір болім айналысады.

### Қолдану ережесі

Кітапхананы пайдалану ережесіне сәйкес, сия қалам не гелді ручка алып кіруге рұқсат етілмейді. Қара түсті қаламды (карандаш) ғана қолдану керек. Полиция мен кітапхана қызметкерлері оқырмандарды бақылап тұрады.

### Юдин жәдігерлері – кітапхананың бас- ты байлығы

Конгресс кітапханасындағы қор жинақтау тарихы Ресеймен байланыстырылады. Атланттың арғы жағындағы алып кітапханада аты аңыза айналған алғашқы үй кітапханасы – Юдин кітапханасы сақталған.

Геннадий Васильевич Юдин (1840-1917) – ресейлік библиофи, көпес әрі өнеркәсіпші. Әмбебап кітапханасын жинауға 35 жылдық ғұмырын арнаған. Жылдардың өтімін оны кітапханасының келешектегі иесі кім болады деген ойлар мазалайды. Мүлде иесіз қала ма деген

үрей де билейді. Көп толғаныстан кейін кітапханасын сатуға жарнама жасайды. Алғашқы хабарландырудан еш нәтиже болмайды.

Бұдан соң «The Washington Post» («Вашингтон пост») газетіне кітапханасының сатылатындығы жайлы жарнама жібереді. Құны – 250 мың рубль деп көрсетіледі. Бұл өз шығының өтемейді. Дегенмен, Г. Юдиннің мақсаты жеке кітапханасын толығымен сақталған күйінде көру еді.

Көп үнсіздіктен кейін Петербургтегі көшілік кітапхана арқылы Николай II-ге кітапханасын 150 мың рубльге сатып алуға ұсыныс жасайды. Патша қаржының жеткіліксіздігінен ұсынысты қабыл алмайды.

Уақыт көшімен Юдин кітапханасының иесі табыла кетеді. Конгресс кітапханасындағы Славян бөлімінің меншерушісі, эмигрант А. Б. Бабиннен кітапханасын сатып алатындығы жайлы хабар жетеді. Оған 100 мың рубль ұсынады. Ұзаққа созылған келіссөздерден кейін 1906 жылдың 3 қарашасында келісімге қол қояды. 1907 жылдың ақпанында 81 мың томдық коллекция, 4 мың томға жуық баспа материалдары, 1800 бірлікті құрайтын басылымдар мен қолжазба картотекалар 5 вагонға жүктеліп, Гамбург арқылы АҚШ-на жөнелтіледі. Үшай өткенде Вашингтонға жеткізіледі. Коллекция туралы талқылау екі жылға созылады. Осылайша Юдин жәдігерлері Конгресс кітапханасының басты байлығына айналды. Бірақ жинақ толығымен сақталмаған. Кітаптардың бірқатары сатылып, өнді бір бөлігі жоғары оқу орындарының кітапханаларына берілген.

### Форматы

MARC 21 – USMARC (АҚШ Конгресс кітапханасы) және CAN/MARC (Канада Ұлттық кітапханасы) форматтарының бірлестігі.

MARC 21 мынадай форматтар кешенімен көрініс алады:

1. библиографиялық мәліметтер;
2. авторитеттік мәліметтер;
3. корлар туралы мәліметтер;
4. мәліметтердің жіктеу;
5. әлеуметтік ақпарат.

Библиографиялық форматты жасау идеясы есептеуіш техника дамыған кезде туындал, жай ғана электронды каталогтар құруға мүмкіндік берді.

MARC форматы (Machine-readable cataloguing) АҚШ-да 1960 жылдары пайда болды. Оны өзірлеп шығаруыш – Конгресс кітапханасы. Содан бері Құрама Штаттары библиографиялық жазбалар жоғарыдағы форматпен құрылып жинақталуда. Формат үздіксіз жетілдіріліп тұрады. Конгресс кітапханасы осы саладағы жалғыз монополиялық заң шығаруышы болғандықтан, американандықтарда корпоративті каталогтеуде, библиографиялық жазбалар алмасуда проблемалар болмайды.

Бірақ АҚШ кітапханасының үлгісімен басқа елдер де өз форматтарын құрған. Оған дәлел, Ұлыбритания – UKMARC, Канада – CANMARC, Австралия – AU-SMARC. Соған сәйкес, MARC-ті USMARC деп қабылдаймыз.

### Қорлары

Қорлар құрамы сан алуан. Кітап сақталған сөрөлдердің ұзындығы – 850 шақырым.



Құқық, тарих, филология, саясат, техника және жаратылыштануғының бойынша әдебиеттердің кең түрі үсінелады. 1958 жылдан басталған «Ұлттық жинақ каталогы» библиографиялық басылымы («The National Union Catalog») және кітаптардың жиынтық каталогы көп сұранысқа ие.

Кітапханадағы жалпы ресурс қоры 130 млн аса сақтау бірлігін құрайды.

Конгресс кітапханасындағы басылымдар 470-тей өлі және тірі тілдерде берілген. Кітапханадағы құндылықтардың қолжазба қоры – 58 млн. Карталар мен атластар коллек-

циясы – 4,8 млн.

#### **Ресурс қоры:**

1. 30 миллионнан аса кітап және 470 тілдегі басқа да баспа өнімдері;
2. әлемдік газет өнімдерінің миллионнан аса нұсқасы;
3. 58 млн қолжазба;
4. 4,8 млн карта;
5. 12 млн фотография;
6. 2,7 млн дыбыстық жазба;
7. 500 мың микрофильм.

Қордың жылдық өсімі – 1-3 миллион сақтау бірлігі.

Конгресс кітапханасына күн сайын 7 мыңдай құжат келіп түседі.

1994-2007 жылдар аралығында кітапхана қорындағы материалдар мөтінінің 10 %-ға жуығы цифранған. Күн сайын 75-200 шамасында құжат сканерленеді.

## Конгрессте – Наурыз мерекесі

2010 жылғы 17-наурызда АҚШ-тағы Конгресс кітапханасында түркі халықтарының төл мерекесі – Наурыз мейрамына арналған

дипломатиялық қабылдау рәсімі өтті. Салтанатты шараны үйымдастыруға Ұлыстың ұлы күнін атап өтетін елдердің Вашингтондағы ешшіліктері атсалысты.

Осы шарада казақтың ұлттық салт-дәстүрлері жайлы мате-

Бірқатар оқырмандар диван не жайлы төсекте жатып, келесі тобы кітапхана күнгейіндегі көгалда отырып кітап оқиды. Осындай уақытта оларды оятуға не ескерту жасауға болмайды. Өйткені кітапхана оқырманға қашан да қолайлы жағдай жасауды міндет еткен.

## Басшылық

2008 жылғы сәуір айынан бастап кітапханага Джеймс Биллингтон жетекшілік етеді. Джеймс Биллингтон – орыс халықтың тарихы мен мәдениеті туралы зерттеулердің авторы. 1999 жылы Дмитрий Лихачевпен бірге «Открытый мир» орыс-американ бағдарламасын өзірлеген.

Джеймс Биллингтон – Ресей ғылым академиясының шетелдік мүшесі, М. В. Ломоносов атындағы ММУ мен Тбилиси мемлекеттік университеттің құрметті докторы.

Джеймс Биллингтон – Бүкіләлемдік сандық (цифрлы) кітапхананы құрушуны инициатор.

риалдар қойылған «қазақ бұрышы», қазақ еліндегі Наурыз мейрамын тойлау дәстүрі туралы деректер берілген стенд меймандар назарына ілікті. Мерекелік кеште еліміздің АҚШ-да білім алғып жатқан бірқатар жастары өнер көрсетті.



## АСТАНАДА – «АМЕРИКА БҰРЫШЫ»

22 сәуірде ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы жаңынан «Америка бұрышы» ашылды. Салтанатты рәсімге АҚШтың Қазақстандағы Уақытша сенімді өкілі Памела Спратлен ханым, ҚР Мәдениет министрлігі Мәдениет комитетінің тегағасы Илияс Қозыбаев және ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының бас директоры Рахымжан Отарбаев қатысты.

АҚШ Елшілігінің «Америка бұрышы» бағдарламасының мақсаты – қазақстандық қауымдық ақпаратпен қамту.

«Америка бұрышы» кітапхананың қеңзальынажайғастырылған. Жаңа орталық оқырмандарға Америка Құрама Штаты туралы нақты мәліметтер береді, сондай-ақ алдағы уақытта әр алуан іс-шаралар өткізетін орын болады. Мәселен, мұнда АҚШ-тан келген мәртебелі меймандармен пікіртлас, американцы музиканттардың шебер класы, фильмдер демонстрациясы және сурет-фотоөнөр

туындыларының көрмелері өткізіліп тұрады.

АҚШ Елшілігі «Америка бұрышына» Америка мәдениеті мен тарихина қатысты анықтама материалдар, көркем және деректі әдебиеттер, CD дискілер мен бейнематериалдар ұсынды. Жаңа орталық аптасына алты күн жұмыс істейді. Залдағы мультимедиалық топтамаларға, кітаптарға және мерзімді басылымдарға көпшілік еркін қол жеткізе алады.

Осы шара барысында «Джем Сейшен: Америкалық джаз елшілері өлемге құшақ жаяды» тақырыбында фотокөрме үйімдастырылды. Көрмеде Луи Армстронг, Дэйв Брубек, Диззи Гилеспи, Бенни Гудмен, Дюк Эллингтон тәрізді әйгілі американцы «Джаз елшілері» музикалық бағдарламасы қарлығаштарының елу бес суреті қойылған. Суреттер «Джаз елшілерінің» өмір тарихын әдемі суреттеумен қатар, концерттік сапарларындағы түрлі жайттардан да мағлұмат береді.



Дайындаған Айсұлу СЕЙЛОВА  
e-mail: azse@mail.ru



Роза ӘСЕРБАЕВА,  
Шығыс Қазақстан облыстық  
Абай атындағы әмбебап ғылыми  
кітапхананың директоры

## ҰЛЫ АБАЙ АТЫМЕН ӘЙГІЛЕНГЕН ӘМБЕБАП КІТАПХАНА

XIX ғасырдың соңынан бастау алатын Семейдегі көпшілік кітапхананың тарихы қазақ ұлттың әлемге танытып отырған ұлы тұлға Абай есімімен тығыз байланысты. Сондықтан да, 1992 жылы Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің шешімі бойынша кітапханага қазақтың көмекшілері Абай есімі берілді.



М. Әуезов, Қ. Сәтбаев, Қ. Мұхамедханов, Ә. Нұршайықов, М. Сәрсеке, Т. Әбдірахманова, Р. Сейсенбаев, Н. Анов сынды әдебиет және қоғам қайраткерлерін кітапхананың құрметті оқырмандары ретінде атайды.

Фасыр белесінен асып, көпшілікті ғылым, білім нәрімен сусындардан еліміздегі ең іргелі

мәдениет ошактарының бірі – Семейдің Абай атындағы облыстық әмбебап кітапханасының 1883 жылдың 3 қазанында саяси жер аударылғандар Е. П. Михаэлис, Н. И. Долгополов, Н. Я. Коншин және басқа да зиялды қауым өкілдерінің

ұйымдастыруымен негізі қаланды.

Облыстық Санақ комитетінің қамқорлығымен қызметтің бастаған көпшілік кітапхана жеке ғимараты болмағандықтан Комитет жалға алып отырған Земляницын үйінің бір бөлмесіне орналасты. Комитет құрастырған кітапханы пайдалану ережесі бойынша оқырмандардан абоненттік акы алынды.

Алғашқы жылы кітапхана қорында 274 дана кітап болып, 130 оқырман пайдаланды. Әр жылдары кітапханага қала тұрғындары мен П. Плещеев, Г. Юдин, А. Деров сияқты ауқатты көпестер қайрымдылық көмек көрсетіп, оның іргелі мәдениет ошағына айналуына ықпал етті.

Көпестер мен шенеуніктедін, жеке адамдардың сыйға тартуымен кітапхана қоры да біршама толығып отырды. Қазіргі кітапхананың сирек қорындағы кітаптарда кездесетін «Библиотека Федора Федоровича Трейерова», «В. Н. Коншина», «Товарищ Курбатова и Игнатова. Пристань

Семипалатинская» эксплибистері олардың жеке кітапханасы екенін айтағатайды.

Кеменгер ақын Абай кітапхананың алғашқы оқырмандары қатарында болып, ғылым-білім ордасындағы мол қазынадан рухани сусын алушмен қатар Е. П. Михаэлистең жан досын тапқан. Е. П. Михаэлистің көңесімен Абай енді тек көркем әдебиеттің озық үлгілерін ғана емес философия, жаратылыстану, тарих тәрізді ғылым салалары бойынша энциклопедиямен, сездіктемен, анықтамалармен танысып, әдебиеттерді талғап оқытын болған. Абай Е. П. Михаэлис арқылы далалы өлкені зерттеушілер С. С. Гросс, А. А. Леонтьев, Н. И. Долгополовпен танысады.

Абайдың орыс достары Семейдегі жазасын өтей жүріп, өлкедегі ғылымның сан-саласын зерттеумен айналысқан. Олардың қазақ тарихын, этнографиясын, құқығын, салтдәстүрін зерттеу жұмыстарына Абайдың ақыл-көңесі мен көмегі зор болған. Кітапхананың сирек кітаптар қорындағы Облыстық Санак Комитетінің «Памятные книжки Семипалатинской области» басылымдарындағы, «Отчет общества попечения о начальном образовании» сияқты ғылыми еңбектердегі тарихи мәліметтер Абайдың ойшыл ақын ғана емес, сонымен қатар елінің мұны толғантқан қоғам қайраткері ретінде түлғасын бейнелейді.

Ғұлама ақынның аталған қоғамдарға мүше болғандығы тұралы деректі құжаттар, Абайдың орыс достарының өлкені зерттеу ісіне қатысты жеке жинақтарда жария көрген еңбектері ерекше құнды басылымдар қатарында кітапхананың алтын қорын құрап отыр.

«Семипалатинский областной статистический комитетъ за 1894 годъ» басылымында: 1894 жылы Семейдің көпшілік кітапханасының оқырман саны –130, ал білім деңгейіне қарай: 30 жоғары білімді,

38 орта, 41 бастауыш білімді және 21 оқырман үйінде білім алғандар деген дерек береді. Оларды үлттына қарай топтағанда: 111 орыс, 9 поляк, 1 неміс, 5 еврей және 4 қазақ деп бөлінген.

Кітапхана қызметкерлері абоненттердің әдебиеттерді үйге алып оқуға сұраған 4338 сұранысын қанағаттандырған. Сол үйге берілген әдебиеттердің 2498-і кітап болса, 1840-і мерзімді басылымдарды құраған. Оқырмандар жиі сұрайтын әдебиеттер қатарында орыс классиктері Л. Н. Толстойдың, М. Е. Салтыков-Щедриннің, И. С. Тургеневтің, А. П. Чеховтың, Н. В. Гогольдің, Ф. М. Достоевскийдің, И. А. Гончаровтың авторлық шығармалары жиі аталады.

1902 жылдың 2 желтоқсанында Н. В. Гогольдің қайтыс болғанына 50 жыл то-луына байланысты Бастауыш білім беру қоғамы қалада ақысыз оқу залын ұйымдастырып, оған жазушының атын береді. Кітапханашы Н. Г. Гиршфельд ханымның қызмет көрсетуімен 1902 жылы 693 оқырманды қабылдан, 319 абонент үйіне 1615 дана кітап алса, қалған 374 оқырман әдебиеттерді оқу за-лына алып оқыған.

Алғашқы кезеңде Н. В. Гоголь атындағы халықтық кітапхана өз алдына жеке оқу залы болып, 1906 жылы оған Семей көпшілік кітапханасының қоры қосылып, Н. В. Гоголь атындағы кітапхана деп аталды.

Абайтанушы, ғалым Қайым Мұхамедханов «Ұлы ақынның қайраткерлік қызметі» атты мақаласында Абай заманындағы Семейдің көпшілік кітапханасын «...ол замандағы Сібір қалаларындағы кітапханалардың ішіндегі ең байы деп танылған. Семей кітапханасында орыс және әлем әдебиеті классиктерінің шығармалары мол болған. Тарих, философия, табиғаттану, тағы басқа ғылым салаларына арналып жазылған кі-

таптарды және сол кезде Ресейде шығып тұратын: «Вестник Европы», «Русская мысль», «Русская речь», «Исторический Вестник», «Новости», «Новое время» журналдарын Семей кітапханасы жаздырып алып тұрған», – деп бейнелеген.

### Кітапханадағы сирек басылымдардың алтын қоры

Кітапхана іргетасы қаланғаннан бері жинақталған баспа туындылары бүгінгі күні сирек басылымдар қорын құрап отыр. Сирек қорымыз негізінен XVI-II ғасырдың II жартысы мен XIX ғасырды толық қамтитын Ресейлік кітап баспа туындылары, ал өлкетану әдебиеттері Семейлік басылымдар: Облыс басқармасы немесе көпес Плещеев баспаҳанасынан жарық көрген кітаптар, жалпы жиынтық қоры 4,5 мың данадан тұрады.

Бағалы дереккөздер қатарында өлкетануға байланысты әдебиеттер, оның ішінде Императорлық Орыс Географиялық Қоғамының Батыс Сібір бөлімі Семей бөлімшесінің «Запискілеріндегі...» далалы өлкені зерттеушілер – Б. Герасимов, Е. Михаэлис, Н. Коншин, Г. Потанин, Ф. Зобнин, А. Седельников, Е. Шмурло, В. Сапожниковтың, Ә. Бекейханов, Ж. Ақпаевтың ғылыми-зерттеу мақалалары қамтылған.

Қазақ зиялышлары, құғын-сүргін құрбандары – Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Халел Досмұхамедов, Жұмағали Тілеулин, Жұмахан Құдерин, Әлімхан Ермеков сияқты арыстарымыздың көзі тірі кезінде жария көрген, кейін кудалауға түсіп, оқуға тым салынып «арнайы қорда» сақталған кітаптарын ерекше мақтандыспен атауға болады.

Сонау XIX ғасырдан бері ғұламалар мұрасын ғасырдан

ғасырға дейін сақтап, талай оқырманға білім ордасы болған киелі шаңырақ бүгінде жаңа заман талабына сай қызмет көрсетуде. Ұлттық рухани қазынамызың ғаламтор арқылы әлемдік ақпараттық кеңістікке шығару мақсатында сирек басылымдар қоры сандық жүйеге көшіріле бастады. Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы ұжымымен өріп тестікте жүзеге асырылып жатқан Қазақстандық Ұлттық Электронды Кітапхана (ҚазҰЭК) қорын құру жобасы бойынша XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басын қамтитын қазақ еліне, өлкетануға қатысты әдебиеттер алдыңғы кезекте сандық жүйеге көшіріліп, аталған кітапхана қорына енгізіліп, пайдаланушыларға ұсынылуда ([www.kazneb.kz](http://www.kazneb.kz)). Бұл – «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға қосқан қомақты үлес.

Шығыс Қазақстан облыстық Абай атындағы әмбебап ғылыми кітапханасы – Семей өніріндегі оқырмандарға кең ауқымда қызмет көрсете алатын алып ақпарат орталығы.

### Ғаламтордағы біздің кітапхана

1995 жылдан мамандарымыз Түркия, Қырымда және Норвегия, Оңтүстік Корея елдерінде өткен Халықаралық IFLA конференцияларына қатысып келеді.

Кітапхана 1996 жылы «Союз-Қазақстан» қорының гранты арқылы ғаламтор желісіне қосылды.

2002 жылы АҚШ Мемлекеттік Департаментінің Мәдениет және Білім Беру ісі жөніндегі Бюросымен қаржыландырылып, Айрекс /АҚШ/ үйімінің IATP бағдарламасы бойынша ғаламтор орталығы пай-

даланушыларға қызмет етті. 2005 жылдан бастап ғаламтор орталығы кітапхана басқаруына көшіп, қала жүртшылығына арнап ғаламторды пайдалануға оқыту курстары, түрлі тренингтер, семинар-кеңестер еткізіп келеді.

Кітапхана тынысы ғаламтор жүйесінде «Шығыс Қазақстан облыстық Абай атындағы әмбебап кітапханасы» (<http://semeylib.kz.iatp.net>) сайтында, Семей өнірінің айтулы тұлғалары жайлы – «Абай атындағы кітапхананың өлкетану қоры» (<http://abaykray.kz.iatp.net>) сайтында мол мағлұматтар берілген. Астана қаласындағы Ұлттық академиялық кітапханасы ұжымымен бірлесіп жүзеге асырылып жатқан «Әлемге танылған тұлға» ([www.abay.nabrk.kz](http://www.abay.nabrk.kz)) жобасы Абай оқыған кітаптар арқылы біз таныған ақын әлеміне қатысты де-ректер мен мәліметтерден тұрады.

Бүгінгі кітапхананың мақсаты – қала жүртшылығының сұранысын қамтамасыз ету үшін өзінің ақпараттық өлеуетін нығайту, оқырман қауымның ақпараттарды білуге деген талап-тілегіне қолдау көрсету, электронды ресурстарды тиімді қолдануға үрету. Жалпы оқырман сұранысина жауап беретін ақпараттық орталық ретінде кітапхананың алар орны ерекше. Қазір кітапхананың кітап қоры 343 мыңдан асып, оны 17 мыңдан аса оқырман пайдалануда. Жыл сайын 400 мыңға жуық кітап пайдаланушыларға беріліп, кітапханаға келушілер саны 176 000-нан аса оқырманды құрап отыр. Жылына кітапхана 200 атауға тарта мерзімді басылымдарды жаздырып алады.


Бүгінгі таңда кітапхана Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Жолдауларын насиҳаттау бойынша аймақтағы әдістемелік орталық ретінде көптеген ведомствоға кітапханалар мен Абыралы ОҚЖ кітапханаларына көмек беріп, жұмыстарын үйлестіріп келеді.

Оқырмандарды жаңа тех-

нологиялар арқылы ақпаратпен қамтамасыз етуде кітапханалық автоматтандырылған ақпараттық жүйе іске қосылған. Пайдаланушыларға сапалы қызмет көрсетуде ИРБИС автоматтандырылған кітапханалық жүйесі іске қосылған. Кітапханадағы «Абай», «Әуезов», «Шәкірім», «Мұхamedханов Қ.», «Сирек қор», «Әдістемелік материалдар», «Президент Жолдауы» мәліметтер базаларына кітапхана қорына енгізілген кітаптар мен мерзімді басылымдар беттеріндегі мақалалардың библиографиялық сипаттамасы 107 мыңдан асып отыр.

Кітапхананың «Зан» мәліметтер базасы – күнделікті жаңартылып, толықтырылып отыратын Қазақстан Республикасының ресми нормативті құқықтық актілерінің редакциясындағы барлық өзгерістердің құқықтық мәліметі. Бүгінгі күні мәліметтер базасында жиналған 42 930-дан аса орыс және қазақ тілдеріндегі нормативтік актілер жиынтығы құқықтық ақпараттың таптырmas көзі болып табылады. Оқырман қауымның талап-тілегін орындауда Германиядан, Монголиядан, Өзбекстаннан, Ресейден, сондай-ақ еліміздің түрлі қалаларынан виртуальді тапсырыстар қабылданып, сұраныстар қанағаттандырылады.

«Бүгінгі күннің кітапханасы – біртұтас мәдениетті қалыптастыратын орта». Ұжымымызға ортақ үстаним – осы. Соған сәйкес, кітапханашылар пайдаланушыларын ақпаратпен қамтамасыз етумен қатар, кітап пен оқу ісін насиҳаттауды да назарынан тыс қалдырмайды. Мамандар жаңа технология мүмкіндіктерін меншере отырып, кітапхана ісін үздіксіз дамытуда. Рухани қазынаның кемел кеңішіне айналған бұл кітапхана да қазақ қоғамның мәдени жетілігіне өздігінше үлесін қосып келеді.





Гүлназия БОДЫККЫЗЫ,  
Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
жанындағы «Отырар кітапханасы»  
ғылыми орталығының жетекші  
ғылыми қызметкері

## ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН мұрасы

*Ұрпаққа білім беріп, ұлттық мұдде негізінде тәрбиелеуде, арғы ата-бабалар жайлы дәйек-деректерді санасына сіңіруде жастарды тарихи мұралармен таныстырудың тәлім-тәрбиелік мәні зор. Осы орайда, Қазақстан ғылыми мен өнерінің, әдебиет қайраткерлерінің, ұлттық мұддені қадірлелітін жеке тұлғалардың мемориалдық мұражай кітап қорларын жүйелі жинақтаған Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының ұжымы атқарып отырған рухани танымдық, ғылыми бағыттағы жұмыстары оқырман игілігіне жарап жатыр.*

Орталықтағы Германия Сыртқы істер министрі Д. Геншердің, жазушылар С. Бегалиннің, М. Қаратаевтың, Т. Көкішевтің, Р. Сыздықованың, О. Нұрмагамбетованның, С. Қирабаев пен Э. Бейсенованның, Т. Жұртбайдың жеке кітап қорларымен бірге Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, археолог, шығыстанушы, этнограф, тарихшы, әдебиетші Әлкей Хақанұлы Марғұланның

мұражай кітапханасын да университет ғалымдары, ізденүшілер мен студенттер кеңінен пайдалануда.

Алғаш білімді ауыл мектебінен алғып, одан соң Ленинградтағы мемлекеттік университеттегі Шығыс тілдері бөлімін табысты аяқтағаннан кейін аспирантураға түсіп, 1940 жылы көне қыпшақ тілінде жазба ескерткіштер жөніндегі ғылыми-зерттеу еңбегі үшін

ғылым кандидаты дәрежесіне лайық деп танылады. 1946 жылы қазақ халық эпосы туралы ғылыми еңбегі үшін филология ғылымдарының докторы дәрежесін иеленген ғұлама ғалым Қазақстанның, соның ішінде Орталық Қазақстанның көне дәүірдегі мәдениеті, салт-дәстүрін зерттеу саласында көп жұмыс жүргізді.

Әлкей Марғұлан зерттеулерінің бір саласы



Әлкей Ҳақанұлы Марғұлан — Қазақстан археология мектебінің негізін салушы, ғылымның көптеген салалары: этнография, тарих, шығыстану, әдебиеттану, өнертану бойынша көрнекті қайраткер. Филология ғылымдарының докторы (1945 жылы), Бүкілодақтық География қоғамының толық мүшесі, Қазақ ССР ҒА академигі (1958 жылы), профессор (1960 жылы), Қазақ ССР ғылымының еңбек сіңірген қызметкері (1961 жылы).

Ғалым 1904 жылы 11 мамырда Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келді. Әкесі Ҳақан — атақты Олжабай батырдың тікелей үрпағы.

Әлкей Марғұланның ұзақ жылғы қоғамдық өмірдегі және ғылымдағы үлкен еңбегі жоғары бағаланып, Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және бірнеше мемлекеттік медальдармен марапатталды.

түрлі тарихи кезеңдердегі архитектуралық жүйемен салынған ежелгі ескерткіштер және оларды салыстыру арқылы ғылыми деректерді жинауға бағытталған. Қазақтың ұлан-ғайыр даласы ежелгі ескерткіштерге кенде емес. Киеle мекендер, мазарлар мен археологиялық кешендер, атақты байлар мен билер, елін жаудан қорғаған батырлар мен хан-сұлтандар жайлы шежіре айтып сыр шерткендей көрініс береді.

«Ұлы адамдарғасырларға қызмет етеді», — деп жазушы F. Мысиревов айтқандай жас үрпакқа, келешекке зерделі ой, ғылыми жол, өшпес өнеге қалдыру тек ғұламаларға ғана тән болса керек. Ғалымның ғылыми орталыққа өткізілген әрбір затының өзіндік тарихы бар, зерттеуді қажет ететін мұрагаттар. Басым бөлігі ғалымның 700-ден астам кітап қоры бар жеке кітапханасынан тұрады. Кітапханасында қазақ, орыс, неміс, ағылшын, қытай тілдеріндегі археология, этнография, шығыстану, тарих, өнертану салаларына байланысты кітаптар, шетел ғалымдарының қолтаңбамен сыйфа берген кітаптары, ғылыми зерттеу экспедицияларының карталары, қолжазбалары сақталған.

Марғұланның айрықша көніл бөліп, ұзақ жылдар шүғылданғаны — аты өлемге әйгілі қазақтың тұнғыш ғалымы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен еңбегі. Шоқантану саласына саналы ғұмырын арнап, талмай еңбек етті. Ғалымның басқаруымен 1958 жылы Шоқанның таңдамалы


шығармалар жинағы жарық көрді. 1957-1968 жылдарда Ә. Марғұланның басшылығымен Ш. Үәлихановтың бес томдық академиялық жинағы дайындалды. Архивтерді ақтара отырып, Шоқанның қаламынан туған 300-дей шығармасын тапты. Оған ғылыми редакция жасап Шоқан туралы өмірбаяндық кітап жазып, қолжазбасын қалдырыды. Осы еңбектерінде ғалым Шоқан өмірін цифрлар дерегінің шолақтізбегіменемес, нақтылы болмыс шындығымен, тарихи-әлеуметтік түлғасымен біртұтас қалпында танытуға ден қойған.

Оның «Шоқан және Манас» атты монографиялық еңбегі Ш. Үәлихановтың бауырлас қырғыз халқының эпосы «Манасты» зерттеуге қосқан үлесін анықтайды.

Ә. Марғұлан қазақ фольклорын, қазақтың сөз байлығын тексерумен де шүғылданды. Қазақ халқының ертедегі жауынгерлік дәстүрі, XVI-II-XIX ғасырлардағы тарихи қозғалыстары, қазақ халқының Ресейге қосылуының ізгі

ықпалы туралы архивті тексеріп, олардың әдебиеттегі көрінісі жөнінде де зерттеген материалдары ұшан-теніз. Ол Абайдың, Жаяу Мұсаның, Мәшіһұр Жұсіп Кепеевтің жаңа қолжазбаларын, хаттарын тауып жариялады. Филология саласындағы елеулі еңбекі – қазақ эпосының шығу, жасалу тарихы туралы зерттеулері. Қазақтың ертедегі батырлар жырын халықтардың сол замандағы қоғамдық тарихымен, түрмисымен, көркеменерімен байланысты зерттеу – ғалым көтерген мәселенің негізгі нысанасы.

Ә. Марғұлан – аса білгір тарихшы. Оның қола дәүірінің тамаша, жарқын сөттерін суреттеген «Древняя культура Центрального Казахстана», қазақ даласында көшпелі өмір салтының қалыптасу кезеңіне арналған «Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана» атты қомақты монографиялық еңбектері – дүниежүзіне белгілі, Қазақстандағы археологиялық зерттеулердің шыны іспеттес





дүниелер.

1950 жылы «Из истории городов и строительного искусства Древнего Казахстана» атты өйілі кітабы жарық көрді. Онда қазақтың ата-бабасы таза көшпелі халық болмағаны, қазақта отаршылдық дәстүрдің ертеден келе жатқаны археологиялық, архитектуралық және этнографиялық мазмұндағы материалдар негізінде көрсетілді.

Фалым Сырдария бойындағы қалалардың пайда болуын, дамуын қаңлы, оғыз, қыпшақ тайпаларының тарихымен, көшпелілікті, отырықшылықпен ұштастыра қарастырады. Атапған кітабында, Ә. Марғұлан Оңтүстік Қазақстан экспедициясы тапқан материалдарға сүйене отырып, Отырар мен оның айналасындағы қалашықтар қалдықтарын сипаттайды. Кітапта Отырар сұлбасының сызбасы, керамика суреттері көлтіріледі.

Ә. Марғұланның зерсала зерттегендерінің бірі – Қыдыргали Қасымұлының «Тарих-и Оразмұхаммед» атты еңбегі. Бұл еңбекті де дөрек көзі ретінде Қазақстанда арнайы талдауға алынуы Ә. Марғұлан есімімен байланысты «Құміс сандық құпиясы» атты мақаласында фалым Ресей кітап қорларына түскен Оразмұхаммед сұлтанның жеке кітапханасы жөнінде жазып, жалпы қолжазба мәдениетінің ортағасырылық қазақ қоғамынада тән болғандығына тоқталады [4]. «Мұндағы ең қадірлі нәрсе», – деп көрсетеді Ә. Марғұлан, – «...сол кездегі мәдениетке үлгі болған Сыр

бойындағы қалаларға көп тараған тарих, әдебиет, шежіре туралы айтылатын кітаптардың өте сирек түрлерін жиып алуы. Сырдариямен байланысадың мәдениетке үлгі болатын бір келесі түрі – XVI ғасырдағы қазақтардың араб қарпімен жазған хаттары. Оларда араб жазуы ғасырлар бойы толық қалыптасып, қазақтардағы жазу мәдениеті өзбек, түркмен, татарлардағы сияқты бір қалыпқа түскенін көрсетеді...» [5].

«Казахское народное прикладное искусство» деп атлатын үш томдық еңбегінде қазақтың қолөнері және сөүлет өнерлеріндегі зерттеулерін жүйелеп, олардың ғылыми негіздерін жасауға көп көңіл бөледі. Бұл еңбек үлттық өнерімізді үрпақтарымызға жеткізіп, оларға эстетикалық тәрбие береді.

«Орталық Қазақстан архитектурасы» деген кітабы фалымның қаламынан шыққан соңғы дүние болып саналады.

Атапған кітаптардың барлығы да ғылыми орталықтағы фалымның мұражай-кітапханасында сақтаулы түр. Орталық мұражай қорын фалымның кітаптарымен қатар, көп жыл пайдаланған жеке заттары, экспедиция кезінде табылған қыштан жасалған құмыра, ыдыс қалдықтары, сондай-ақ телеграммалар, хаттар, шақыру билеттері, фотосуреттері толықтырып түр.

«Ә. Марғұлан ашқан жаңалықтар қазір де жалғасын тауып жатқандықтан «Қазақстанды Еуразия көне мәдениетінің бесігі» деп атайды», «Академик Ә. Марғұлан – ұлы фалым, азамат

жөне гуманист», – деген Президент Н. Назарбаевтың сөзі ғұламағалымның баға жетпес зерделі еңбектерінің тәрбиелік менин, қажымақ қайраткерлік еңбегінің нәтижесін көрсетіп түрғандай өсер береді.

Белгілі ғалым М. Жолдасбеков «Ғалымдардың ғалымы Әлкей Марғұлан» атты мақаласында оның телегей тәсіз білімін: «Әлкей Хақанұлы нағыз әр салапы ғалым, себебі, ол – әдебиетші, тарихшы, түрколог, археолог, өнер зерттеушісі әрі саяхатшы-этнограф. Осыған Әлекеңнің ұстаздығы мен жазушылығын қоссак, бір адамның басына осынша бақыттың топтасуы – сирек кездесетін құбылыс», – деп сипаттаса, ал мінезіндегі қарапайым адамгершілік қасиеттері жөнінде «Осынша көп білгеніне қарамастан, бұл кісілер сүмдик қарапайым еді. Олармен сөлемдесу, сейлесу онша қызын болмайтын», – деп еске алады [2,14].

«Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының сирек кітаптар мен қолжазбалар бөліміндегі ғалымның мол мұрасы – еліміздің ертеңі үшін таптырмайтын зор қазына. Мұндағы Ә. Марғұланның

аса құнды кітапханасы мен қолжазбаларын, альбомдарын, бағалы бұйымдарын насиҳаттау – бөлім қызметкерлерінің борышы.

Ә. Марғұланның жеке кітапханасында сирек кездесетін кітаптар да сақталған. Мысалы, Абай Құнанбаев. Өлеңдер 1954 ж.; Әдебиет жөне искусство, 1941 ж.; Дадашев С. А. и др., Архитектурные памятники Баку. 1946 г.; Дадашев С. А. и др., Архитектура Азербайджана 1948 г..


Төуелсіз мемлекетіміздің тұғыры нығайып, ұлттық құндылықтарымызды, тәл тарихымыз бен әдебиетімізді дамыту, тың деректермен байыту бағытында келелі мәселелерге бетбұрыс жасаған бүгінгі уақытта әдеби мұраларда жатқан көркем дүниелерді қайта көтеру, оның өсіп-өнүіне үлес қосқан айтулы ғалымдардың мұраларын жанжақты зерделеу – жас үрпақа

білім беру жөне оларды ұлттық мұдде негізінде тәрбиелеудегі көкейкесті мәселенің бірі.

Бұл Елбасымыз Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауларынан бастама алып, «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасы негізінде жүргізіліп жатқан мемлекеттік деңгейдегі ігі істерге атсалысу болып табылады.

Ғылымның сан саласын жете менгерген парасатты ғұлама, Қазақстандағы археология ғылымының негізін салушы зерделі ғалым, ғылымның көрнекті ұйымдастырушысы, аяулы азамат жөне педагог Ә. Марғұланды бүкіл қазақ жүртшылығы өзінің адапт ұлы ретінде құрмет тұтады [1,17]. Бүгінгі жаһандану жағдайында Ә. Марғұланның ғылыми еңбектері жастарымыздың бойына ұлттық тәрбиені қалыптастыруда маңызды рөл атқарып отыр.

1. Марғұлан Ә. Х. Шығармалары. I том. Алматы: Алатау, 2007.- 608 б.
2. Жолдасбеков М. Ғалымдардың ғалымы Әлкей Марғұлан. //Zaman – Қазақстан, 1998 жыл, 17 көкек.
3. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. I том. Алматы: ҚазАқпарат, 2008.- 646 б.
- 4,5. Қазақ әдебиеті, 2004. 1-қантар. 3 б.





Сейіт КЕНЖЕАХМЕТҰЛЫ,  
жазушы, этнограф

# ӘСЫЛ ҚАЗЫНА ЖЕР АСТЫНДА ЖАТПАЙДЫ



«Жол қуған қазынаға жолығады» деп дана халық тегін айтпаған. Бұл – тек қазына, байлық, олжабар табу деген сөз емес, мағынасы терең, гибратты қағида. Таратып айттар болсақ, ел көресің, жер көресің, жақсы адамдармен танысасың, түрлі оқиғаларға жолығасың деген үғымды біліреді. Мен де қаламгер әрі зерттеуші этнограф ретінде үлкен жолдарға жиі шығуды бүрыннан әдетке айналдырған адамның бірімін. Осы жолдар мені тарихи, рухани оқиғалар мен қазыналарға жолықтырды. Бұлардың бәрі халқымыздың тарихы мен мәдениетіне тікелей қатысты.



**Зарап ҚҰСАЙЫНОВ,  
«Қызылжар нұры» газетінің  
бас редакторы**

1. Соңғы жылдары кітапханаға, кітапқа деген сұраныстың азайғаны анық. Оның обьективті және субъективті себептері бар. Техника қарыштап дамыды. Қазіргі жастар бірдеңені білгісі келсе, кітап ақтарып жатпайды, Интернетке кіреді де іздеу салады. Әрине, іздегенін тауып алады, уақытыдағұн немделеді. Бірақ сол бір мәліметті кітаптан іздеу барысында мындаған, миллиондаған ақпаратты алар еді ғой. Себебі, ақпарат оның санасында тұрар еді. Шынында да, соңғы уақытта кітапханаға баратындар қатарының сирегенін аңғарамыз. Бұрын күні-түні кітапханада отырушы едік. Ал қазір қатар сиреген. Оның да себебі сан түрлі. Алдымен, жастардың кітапқа деген құлшынысы тәмен Әйткені, кітап – бүгінгі қоғамның басты құндылығы болудан қалып барады. Оның үстіне өзге де айналысадын істер көбейіп кетті. Уақыт та табылмайды. Екіншіден, қазір кітапхана көп. Қай оқу орнын алсаң да кі-



Мен кітапхана ішінде туып, кітап арасында өскен адаммын. Аナン Сәлима – алдымен медреседе діни әрі рухани білім альп, кейін Торғай қаласындағы қолөнер училищесін орыс тілінде бітіріп, оюшы, тігінші, тоқымашылық өнерді толық менгерген зиялды адам. Мені өнерге, білімге, әдепке, ұлт мәдениетіне тәрбиелеген – осы кісі. Мен тұғанда ауылдың кітапханашысы әрі бастауыш мектеп мұғалімі болып істеген. Ес білгеннен бері көргенім үй толған кітап еді. Оның көпшілігі латын жазуымен болатын. Мектепке барғанға дейін анамнан латын, араб жазуын үйрендім. Өссе келе мұның пайдасы зор болды. Кейін анам ауылдық Кенес төрайымы, колхоз басқармасының орынбасары, қайтадан кітапханашы болып жұмыс істеді. Маган әдебиет әлеміне жол ашқан да – сол асыл тұлға. Өзі де өлең жазатын, халық ауыз әдебиетінің ұлгілерін керемет билетін.

1949 жылы 3 сініпта оқымын. Қазіргі Жанкелдин ауданына қарасты Шеген ауылында Бұхарадан оқыған дәмolla Көтен өулиенің үлкен үйі мектебіміз еді. Осы үйдің бір бөлмесі біздің үй әрі кітапхана еді. Бір күні кітапхананы көруге (әлде бақылауға) бір кісі келді. Кітаптарды бір шоюп етіп, оның бір шетінде тұрган «Құран Кәрімді» және бірнеше араб жазуындағы (ішінде Ахмет кітабы бар еді) кітаптарды көріп, анама қаттықатты сөздер айтты. «Мүмкін

бұл халық жауларының немесе осы Көтен молданың кітабы шығар, акт жасаймын», – деді. Заңның қатты кезі апам (анамды апа дейтінмін) қорықты. Райкомда нұсқаушы болып істейтін Хамит Үәлиев деген інісін айтқаннан кейін жұмсарды. Бірақ біраз кітаптарды «кейін берем» деп альп кетті. Аナン кейін де қатты қорқып жүрді. Бірақ артынша Құранды алып келді. Сол Құран менде әлі сақтаулы тұр. Апамның көзі ғой.

Сөйтіп менің алғаш көрген қызығым да, мұлкім де – осы кітаптар еді. Кейін өзім де кітап жинаумен айналыстым. Әсіресе, көне кітаптар мен қолжазбаларды, есke тарихи суреттерді көп жинадым. 1960 жылдар ішінде Торғайдың А. Имановтың музейінде директор болып істегенім мен үшін үлкен әдеби, ғылыми табыстардың басы болды. Мұнда Әлиханның, Ахметтің, Міржақыптың және басқа да тарихи тұлғалардың, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан сарбаздардың суреттері мен естеліктері, басқа да тарихи құжаттар, кітаптар көп болатын. Ең өкініштісі, құнды қазыналар 1963 жылы музей жабылғанда «қажетсіз» деп танылып, құртылды. Соның ішінде, 1947 жылы Ә. Қастеев салған Амангелді батырдың суретін ғана тығыпқалдым. Бұласа құнды сурет Арқалық қаласындағы «Дала өлкесі» музейінің төрінде тұр. Мұны мен белгілі ұлт жанашыры, сол кездегі Торғай обкомының

1. Әркениншетке қарай қадам басқан қазіргі кезеңде кітапхана қажет те?
2. Электронды кітапханаса деген көзқарасыныз?
3. Әзіңдің жеке кітапхананың бар ма?

хатшысы Өзбекәлі Жәнібековтің өтініші бойынша тапсырғанмын. Бұл туралы кезінде баспасөздерде жазғанмын. Сол музейден аман сақтап қалған «Тап соғысина қатысқан азаматтар» деген кітап пен (Қызылорда - 1927 ж.) өзіміз көзіміз көрген, сөзін тындаған «сегіз қырлы, бір сырлы» өнерпаз ақын Н. Ахметбековтің «Амангелді дастаны» (Алматы 1951 ж., редакторы К. Аманжолов, алғысөзін жазған К. Жармағанбетов) жинағы өлі қолымда. Бірсыныра естеліктер мен халық ақындарының өлеңдерін 2003-2009 жылдары өзім қызмет істеген «Отырар кітапханасына» тапсырдым.

Осы жерде айта кететін бір жайт ежелгі Торғай қаласында және сол жердегі Торғай, Жыланшық өзендерінің бойында бұдан бірнеше ғасыр бүрын салынған мешіттер-медреселердің, үйлердің ішінде, қабырғаларында көптеген қымбат кітаптар болған. Олардың көпшілігі кейін табылмады. 1928 жылы дүниеден өткен әулие Оспан қожаның мешітіндегі кітаптар 1920-1954 жылдарға дейін сақталған. Ол қазыналарды алуға ешкіннің батылы бармады. Тек ұзак жыл айдаудан, неміс тұтқынынан аман оралған Қапыш молда бірсыныра жарамдыларын алғып, тозған, тышқан жеген деңгендей пайдалануга келмей қалған көп кітапты мешіттің михрабына көмдірген. Сол сияқты қазіргі Жанкел-

дин ауданындағы Көкалат, Қызыләскер ауылының ортасындағы үлкен көримда 1950 жылдар шамасында бүрынғы молдалардан қалған екі арба кітап көмілген. Осы кітап жөнінде ойласқанымызда Торғайдың белгілі азаматы, әулие Оспан қожа немересі Фазиз қажы біріншіден ол кітаптарды қайта қазып алуға рұқсат болмайтынын, екіншіден бұл қазыналардың көп жыл жатқандықтан мұлде бүлініп кетуі әбден ықтимал екенін айтты.

Қыпшақ елінің белгілі молдасы Жұзбай қажы Фалия медресесін 1876 жылы бітіріп келіп, 1894 жылы Жыланшық өзені бойында мешіт салдырған. Мешіттің ұзындығы – 32, ені – 18 метр болған. Сырты кесек дуалмен қоршалған. Зұлмат заман кезінде сол дуалдың бүрышына көп кітап көмілген. Кейін қанша іздестірсе де сол кітаптар табылмады.

1960 жылдар басында жоғарыда айтылған дәмнілла Кәтен үйін жөндеу кезінде көлемі өте үлкен бірнеше кітаптар табылған және олар өте жақсы сақталған. Бірақ жөндеу жұмысын жүргізіп жатқан шешен азаматтары сол кітаптарды алғып, бір тунде жоқ болған. Әрине, олар кітап бағасын білген адамдар ғой. Айта берсек, мұндай жайттар көп қой. Бұдан кейін менің назарым осындай кітаптарды іздестіруге ауды.


Алдымен 2003 - 2004 жылдардағы жер астынан табылған құнды кітаптар

тапханасы бар. Соңғы түсken кітаптардың көбін солардан да тауып алуға болады. Сондықтан орталық кітапханалар оқырмандары ортайып қалып отыр.

2. Өз басым электронды кітапханаға көп құлшына қоймаймын. Кітап қағазының исін іскең жатып окудың өзі жақсы емес пе?! Оны жатып та, отырып та оқуыңа болады. Ал компьютерді құшақтап журмейсің ғой. Шынын айту керек, компьютерді жақсы мәнгерген де жан емеспін. Ал мен сияқтылар өте көп, сондықтан электронды кітапханаға кіретіндер көп бола қоймас. Ауылдық жерлерде тұратын азаматтар мұның нә екенін де хабарсыз.

3. Бар. Бірақ Әзілхан Нұршайықов ағамыз сияқты қызының жасауына беретіндей кітапхана жоқ. Мектеп жасынан кітап жинадым. Ол кездері қат басылымдарды шырақ алып іздейтінбіз. Алматыға, басқа қалаларға сапар шеккен адамдардан қажетті кітаптарымызды сатып әкеleуін өтінетінбіз. КСРО кезінде классик жазушылардың шығармалар жинағын Мәскеуден жаздырып алатын да жағдай болатын. Қазір тәубе дейік. Издеген кітабынды табу мүмкіндігі зор. Кітапханамда қазіргі кейір әқын-жазушылардың тың шығармалары лайықты орын алған.

1. Өркениетке караи қадам басқан қазіргі кезеңде кітапхана қажет пе?
2. Электронды кітапхана да өзеген көзқарасының?
3. Әзіңдердің жеке кітапхананың бар ма?



**Болат МҮРСӘЛІМ,**  
журналист

1. Дәл қазіргі уақытта кітапханаға бас сұқпай, адамзат өркениетінің көшінен қалысپаймыз деп пікір айта алмайсыз. Іргелі ғылыммен, шыныайы шығармашылықпен айналысатын жастар кітапханың аурасын ештеңеге айырбастай алмайды. Керінше, қазақтың әр қала-ауылyna, мектебіне дейін кітапхана жұмысын, оның қорын нығайту керек. Халықтың жалпы білім деңгейін тек кітапхана ғана көтеретін шығар? Еуропа елдерінде бұл мәселе аса ыждағаттықпен қарастырылған. Кітапхана жүйесін жақсартудағы Еуропа тәжірибесі кісі қызығарлықтай. Сондықтан өркениетке қарай қадам басамыз десек, біз сол тәжірибеден үлті алсақ керек. Батыстың даңғазалығы туралы әңгіме басқа мәселе.

2. Қазақстанда электронды кітапхана қалыптасқан



туралы айта кетейін.

1980 жылдардан бастап, Жазушылар Одағына және І. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында қызмет істеуіме және ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналасуыма байланысты жол сапарларға мүмкіндік бола бермеді. 2003 жылы Астана қаласына қоныс аударып, «Отырар кітапханасында» жұмысымды жалғастырдым. Мұндағы ғылыми жұмыстар тағы да дала жолдарына алып шықты. Алғашқы сапарым табыспен басталды. Кезінде көп кітап ұстаган осы елдің белгілі молдасы Арыстанбек Тілесбайұлының қазыналары мені қатты қызықтыратын. Бұл кісінің кітаптары 1982 жылы өзі қайтыс болғанда бірге жерленген. Осы дүниелерді қазып алуға сұрап, 1987 жылы да, 1995 жылы да барған едім, алайда рұқсат ала алмадым. 2003 жылдың маусым айында Жанкелдин ауданына бардым.

XIX ғасырда Торғай уезінде Оспан қожа, Сатыбалды ишан, дәмolla Кәтен мен Ханапия және басқа да білімді адамдар болған еді. Ханапия кезінде Меккеде оқып, Торғайға келіп он жыл ислам жолымен елді оқытып, Меккеге қайта аттанып, сонда қайтыс болған. Кәтен Қожаұлы Бұхара мәдресесін бітіріп, 1931 жылы Торғайда қайтыс болған. Қазір осында Кәтен атында көше бар. Алаш қайраткері М. Дулатов сүйсіне жазған Байту молда, Бейіс хазіреттер де осы жерде мектеп,

медресе ашып, орыс патшасы әкімдерінен құғын көрген. Негізгі ойым осы кісілер ұстаган, пайдаланған сирек кітаптарды іздеп табу болатын. Байту молданың немересі дәрігер болып істейді екен. Ол атасының кітаптарын Әбжамал деген кісінің алғанын айтты. Әбжамалдан соң оны Арыстанбек молдага берілгендей анықталды. Осы жерде Арыстанбек молданың рухани қазыналары туралы сөз болды. Бұл кісінің сол кітаптарына сұрау салғанымда туысы Әбжамалов Төлеухан басы-қасында болған еді. Әңгіме үстінде бұл кісі менің бірнеше рет келгенімді және алуға реті болмағанын айтты да, туысқаны әрі сол ауылдың үлкені ретінде Арыстанбек молданың кітаптарын қазып алуға уәде берді. Сөтіне қарай молданың қызы Рабига да Торғайда екен. Ол кісі де ризалығын берілті. Сейтіп жұма күні діни рәсімін жасап, Төлеухан ақсақалдың қатысуымен молданың бас жағында көмілген кітаптарды жиырма бір жылдан кейін қазып алдық. Бұл жерден елуден астам бағалы кітаптар шықты. Мысырда, Бағдатта, Қазанда, Уфада басылған бұл дүниелер негізінен ислам философиясы мен тағылымдары, араб мәдениеті мен тіл туралы, Мұхаммед пайғамбар және оны тану, Құранның түрлі басылымдары мен хадистер, молданың өз қолжазбалары, тіпті өзі пайдаланған, жазған қарындашы да кітаптар арасынан шықты. Әрине,

1. Өркениетке қарай қадам басқан қазіргі кезеңде кітапхана қажет не?
2. Электронды кітапхана деген көзқарасының?
3. Өзіңздің жеке кітапханаңыз бар ма?

жынырма бір жыл жер астында жатқан кітаптардың көпшілігі қатты бұлғынген, бірсыптырасының бастапқы және соңғы беттері оқуға келмеді. Солай бола тұрса да, осы кітаптар арасынан өте бағалы басылымдар табылды. Бұл дүниелер «Отырар кітапханасы» мен Астанадағы Қазақстан Республикасы Президенттік мәдениет орталығының сирек кітаптар қорында сақтаулы тұр.

Осындай ғажайып олжаныңтабылғандығы тұралыға зеттер мен теледидар хабарлары жариялағаннан кейін маған әр жерден хабар жете бастады. Алдыңғылардың бірі болып жанкелдиндік (Қостанай облысы) Амандақ Ілиясов келді. Ол Торғай қаласының шығыс жағына он үш шакырым жердегі құлаган үйлердің арасынан көп кітап көргенін айтты. Дерене Амандаққа жолығып, өзі бара алмайтын болған соң кітап тұрған жердің картасын сыйзық. Өйткені 1949–50 жылдары екеуміз де осы жердегі «Тамқамыс» бастауыш мектебінде бірге оқыған едік. Кітап осы мектептен екі-үш шакырым жердегі «Сырға» деп аталатын ертедегі қоныс орнында екен. Алайда соңғы жеттіс жылдан бері бұл жерді ешкім мекендермен. Білгеніміз үй иелері 1928, 1931–33 жж. зобаланда жер ауып кеткен және ашаршылықта көз жұмған. Іздеген жерді де, кітаптарды да тез тауып алдық. Соның ішінде ең құнды дүние рухани көсеміміз Ахаңның (Ахмет

Байтұрынұлының) 1915 жылы Орынборда басылған «Тіл құрал» кітабы болды. Кітаптың 51–107 беттері толық сақталған. Жеттіс жылдан астам жер астында жатқанына қарамастан кітап жазулары өте анық әрі беттері оңай ашылады. Басқа да алты-жеті кітап шықты. Олар өте қатты бұлғынген, бірсыптырасы шымтезекке айналып, бірігіп қалған. Негізінен діни кітаптар, Құран, хадис парактары. Құлаган үйдің көлемінен және табылған кітаптардан үй иелерінің ауқатты әрі білімді адамдар екенін аңғару киын емес. Бұл жер – белгілі қоғам қайраткері, казақтың тұнғыш зиялы қыздарының бірі Нәзипа Құлжанованың атамекені. «Бесқопа» деп аталатын осы ауылға Торғай қаласы да, белгілі қоғам қайраткері Кәрім Тоқтабаев ауылы да жақын.

Ахаң кітабын ақ орамалға орап, Торғайдағы Сәмкен Омаров деген азаматтың үйіне келіп түстік. Сөз аталған кітаптан бастап, тарихи оқығаларға ауысты. Осы жерде біреу қаладағы орыс моласынан белгілі бір адамның құлпытасы жер астынан табылғанын айтты. «Яковлев емес пе екен?» деген ой сап ете қалды. Дерене қала ішіндегі орыс зиратына жеттік. Міне, ғажап! Алдымызда Яковлевтің және оның анасы Надежданың құлпытасы қатар жатыр. Жазуы да тайға таңба басқандай «Торғай уезінің негізін салушы, уезд бастығы, полковник Яков Петрович Яковлев» (1890 жылы 70

жок. Абайдың, Шәкірімнің шығармалары жинақталған жекелеген сайттар бар, бірақ бұл аз. М. Эуэзов шығармаларының 50 томдығы салынған он сайт болса, бізге артықтық етпес еді.

Шет тіліндегі сайттарды оқи алмаймын, тіл білмеймін. Бірақ, Ресейде Пушкин, Толстойнан бастап, бүгінгі ғылым-технология, шетел әдебиетінің электронды кітапханасы интернеттінде толық. Аса қат, қолға түсе бермес кітаптарды содан іздеуге болады. Дегенмен, электронды дүниенің көдімгі кітаптың орнын баса алмайтындығы басы ашық нәрсе. Компьютерден оқысан, көзің ауырады, қағазға шығарып алып оқысан, дәл кітаптай әсерлі болмайды. Сондықтан тек керегін ғана оқысын.

Осы Ресейдің электронды кітапханасы туралы сыншы Тұрсынжан Шапай ағамызбен бір сейлескен едім. Ол кісі айтады: «Қазақстан экономика жағынан Ресейден баяғыда озып кетті ғой. Нәтижесінде – бізде түк те жоқ, оларда бәрі бар» дейді. Сол рас сөз.

3. Аздап бар.

## УШ САУАТ

1. Өркениетке қарағ қадам басқан қазыр кезеңде кітапхана қажет пе?
2. Электронды кітапханаса деген көзқарасыныз?
3. Әзіріздің жеке кітапхананың бар ма?



Yrysibek Dəbəy,  
жас ақын

1. Бұл жерде адамзат өркениетін бір бүтін тұлға деп қарасақ, өркениеттің – материалдық және рухани құндылықтардан тұратындығын ұмытпаган жөн. Ендеше, кітапхана қажеттілігін, рухани байлықтың орнын ешнәрсе алмастыра алмайтындығын естен шығармаған абзал.

2. Электронды жүйе – заман талабы. Біз қаласақта, қаламасақ та бұл үрдіс күн санап тез әрі ауқымды «державалығын» сөулелендіреді. Қағаз бен экран арасындағы парықты алғашығарып, қабылдай алмай жатқандығымыз шындық. Бөрібір болашақ электронды кітапхананы жалпыхалықтық сипатқа бағындырыры даусыз.

3. Аздаған кітаптарым бар. Қажетім түскен, керекті дүниелерді кітапханадан алғы оқымын. Үйімде жеке кітапхана болуын армандаймын. Сол кітапхана орналасуға тиіс «ұлы территория» – арманың арманы. Маусым сайын «кедей болсаң, көшіп көрді» бір қайталап, қаланың әртүкпірінен қоныс шалар ғадетіміз бар емес пе? Ендеше, жеке кітапхана...



жасында дүние салған) деп анық жазылған. Торғайдағы орыс орта мектебінің директоры Болат Шегеновтің басшылығымен оқушылар осы зиратты тазалау үстінде шеті көрініп жатқан үлкен тасқа жолықкан. Оны тереңдетіп жағалай қазғанда аталған құлпытас шыққан. Жанында оның анасының да құлпытасы жатыр екен. Алайда ұстаз да, оқушылар да жаңалық аштық деп ойламаған және ешқайдада хабарламаған.

Я. Яковлев кім? Ол 1861 жылы Орынбордан Торғай бекінісіне бастық болып келген, әскери бекініс салған, кейін 1868 жылы Торғай уезі құрылғанда оған бастық болып сайланған патша қолшоқпараты еді. Оның жақсы ісі І. Алтынсаринге мектеп ашуга көмек бергені болса, жағымсыз ісі – Ахметтің әкесі Байтұрсын мен Ақтасты он бес жылға Итжеккенге айдатып, бүкіл өулетті торғайдай тоздырығаны. Ахаңың «Оқтиіп он үшімде, ой түсіріп, Бітпейтін жүргегімде бар бір жарам», – дейтіні, міне, осы тұс болатын. Міне, бір күндеңі екі оқиғаға бір сөт ой жіберейікші. Ахаңың кітапбы және оның жас жүргегіне жара салған Яковлевтің құлыштасының бір күнде табылуы қалай? Әлде қын тағдырың қайта тоғысыума? Қалай десек те осында бір күпия байланыс бар сияқты...

Қазақта «Жүрген аяққа жәргем ілігеді» деген бар. 2008 жылы жазда Қостанай, Ақмола облыстырында бо-

лып бірталай қолжазбалар таптым. Оның ішінде діни шығармалар да, ел аузындағы тарихи өңгімелер де бар. Мысалы, карт журналист ақмолалық М. Мәжікеев жинаған өткен ғасырлардағы ақын-жыраулар – Қарсақтың, Куанышбай ақынның, қостанайлық Сәт ақынның 200 беттік тарихи өлең-дастандары бар. Өулиекөлдік ақын, журналист марқұм А. Атымтаевтың бірнеше жуз беттік машинкамен басылған өлеңдері мен очерктері, торғайлық еңбек ардагері, бұрын «халық жауы» атанип, жазасын өтеп келген С. Үйсқақовтың 48 беттік естелігі тарихи құндылығымен назар аудартады.

Әңгіме кітап жайында болғандықтан жүрт есінде жүрген тағы бір жайт бар. Қазақ халқы XVIII–XIX ғасырларда қанша сауатсыз десек те кітапты жоғары бағалаған, тіпті қасиет тұтқан. Оны жыртпаган, далаға тастамаған, керісінше ең қымбат мұлік есебінде жоғалмайтын жерге сандық түбіне сактаған. Атадан балаға мұра етіп те қалдырыған. Өкініштісі, өткен ғасырдың ойрандары халыққа сол кітаптарды үстаптай, оның иелерін жазаға тартқан. Көптеген құнды дүниелер сан түрлі себептермен жойылып, күрып кетті.

Егер ел арасына шығып, ыждағатпен қарап іздестірсе өлі де мол дүние табылады. Бұдан бір жыл бұрын І. Алтынсаринатындағы Арқалық педагогикалық институту



В 1924 году Главполитпросвет Казахстана установил единые нормативы по типам библиотек, предусматрива-

вшие ежегодные расходы на комплектование фондов.

Кустанайская область была образована в июле 1936 года. В имеющихся документах отмечается следующее: «С января 1937 года, в связи с образованием Кустанайской области, городская библиотека стала именоваться областной библиотекой». Во второй части книги И. Тернового «Кустанайская область: прошлое и настоящее» говорится, что областная библиотека была образована на базе городской, соединённой в 1932 году с библиотекой клуба профсоюзов.

К сожалению, точных сведений о том, от какой именно из них ведёт свою историю ОУНБ им. Л. Н. Толстого нет. Организатором Кустанайской областной библиотеки была Елена Михайловна Петрушина. В Государственном архиве Костанайской области сохранился годовой отчёт библиотеки за 1938 год, написанный ее рукой: «Стройка новых фабрик и заводов, быстрое развитие колхозов и совхозов, успехи ликвидации безграмотности и рост развития городских и деревенских масс повысили до чрезвычайности тягу к знанию. В библиотеку хлынули массы читателей. Вопрос о возможном скорейшем развитии библиотечного дела стал сейчас во весь рост. Начиная с 1932 по 1938 годы, библиотека ведёт кочующий образ жизни, перезжали шесть раз. У местного органа городского образования Кустаная библиотека находится на положении пасынка. Перевод библиотеки почти ежегодно, это было невозможно. Рвутся книги, теряются чи-

татели, а вместе и книги, ломается мебель и т. д.»

Здесь же сохранилась Выписка из протокола № 14 заседания президиума Кустанайского областного исполнительного комитета Советов от 17-18 мая 1939 года. §15 "О библиотечной работе в области" пункт 2. Обязать Кустанайский горсовет в течение мая-июня 1939 года выполнить решение облисполкома, предоставить областной библиотеке удовлетворяющее требованиям её работы помещение, а также подыскать помещение для городской библиотеки и открыть последнюю к 1 июля сего года." (ГЖО. Ф.268.ОП.1.Д.154. Л.144).

И только Постановлением СНК Казахской ССР от 22.08.1940 г. помещение по улице Садовая закреплено за областной библиотекой. Ныне это улица Дулатова, дом № 68 - памятник истории и архитектуры, дом купца Лоренца (начало 20 века). В настоящее время здание занимает СПК «Тобол».

Е.М. Петрушина в годы войны была отзвана на партийную работу. На посту директора ее сменила Анна Павловна Селиверстова (Вертинская). В своем отчете о работе библиотеки за 1939-1940-е годы она пишет: «Являясь центральной в городе, библиотека превратилась в культурный очаг. За сравнительно небольшой промежуток времени значительно пополнился фонд по различным отраслям науки».

В 1938 году читальный зал библиотеки имеет три энциклопедических словаря, БЭС и не

полное собрание энциклопедических словарей братьев Гранат, Брокгауза и Эфрана». (Мы сверились с инвентарной книгой читального зала того периода, сейчас они занимают достойное место в редкомфонде).

Особая страница в истории областной библиотеки - это Великая Отечественная война. В самом ее начале в область хлынул большой поток беженцев и эвакуированных вместе с предприятиями людей. Библиотека жила напряженной жизнью, ни на один день не прекращала своей работы. На первых порах резко сократилось число читателей, так как многие уходили на фронт. Организация работы в условиях военного времени требовала новых форм работы обслуживания. Библиотекари не ограничивались работой в стенах библиотеки, они посещали призывные пункты, госпитали. Известно, что в городе Кустанай в годы войны было сформировано 4 эвакуационных госпиталя: №№ 2445, 2446, 3597, 3598. Библиотека шефствовала над госпиталем № 2445, который находился в школе им. Н.К.Крупской (ныне здание Центра по обслуживанию населения).

Благодаря библиотекарям военной поры сегодня мы имеем священные реликвии-пись-



А.П.Вертинская, директор областной библиотеки в 1943-1978 гг.

ма с фронта. Читатели в память о библиотеке уносили с собой на фронт книги, писали письма коллективу нашей библиотеки. Например, в Государственном архиве Костанайской области сохранились письма Ивана Пинчука, который писал в библиотеку в 1943 году. Удивительно простые строки, написанные от всего сердца, раскрывают всю любовь человека к книге.

А.П.Вертинской за отличную работу во время Великой Отечественной войны в госпитале № 2445, за проявленный энтузиазм и преданность делу была объявлена благодарность от начальника госпиталя. После войны она была награждена медалями «За доблестный труд в

Великой Отечественной войне 1941-1945гг.», «Тридцать лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945гг.».

В 1965 году страна широко отмечала 20-летие победы. В Костанае тиражом в 2 000 экземпляров вышла книга – памятка «Вечно живые», составителями которой были Л.П. Селиверстова, М.А. Дутова, редактором - А.П. Вергинская.

Оценку памятке дал советский поэт и прозаик Константин Симонов. В газете «Правда» за 28 февраля 1969 года была опубликована его статья «Не забыто и не будет забыто». В ней дан обзор книг о Великой Отечественной войне. В статье нашлось место и книге-памятке «Вечно живые». Вот что пишет К.Симонов: «Кустанайская книжка «Вечно живые», изданная областной библиотекой, представляет собой скромную, но содержательную памятку, в которой рассказано о земляках-кустанайцах, ушедших на войну и ставших Героями Советского Союза, и о новых земляках, о Героях Советского Союза, работающих в Кустанайской области после войны. В этой же памятке приведены и данные о земляках-кустанайцах, мужественно, не согнувшись, прошедших через фашистские лагеря смерти. И ещё один раздел есть в этой памятке, тоже очень интересный для человека, неравнодушного к истории своего края. В этом разделе рассказано о том, сколько тысяч пудов хлеба, сколько денег, сколько ценных пожертвований, сколько тёплых вещей дали труженики Кустанайской области в фонд Победы за все годы войны. Книжка скромная,

по виду непрятательная, но в издании её заложен высокий общественный смысл».

После этой публикации в библиотеку обрушился шквал писем с просьбой прислать книгу-памятку.

Для исследования истории областной библиотеки были проведены встречи с ветеранами библиотечного дела. И одна из них состоялась в июне 2009 года с Л.П. Селиверстовой, родной сестрой А.П.Вергинской, которая рассказала о приезде К.Симонова в Кустанай.

Одним из ярких событий в истории библиотеки стало то, что решением Исполнительного Комитета Кустанайского областного совета депутатов трудящихся от 29 июня 1949 года, по ходатайству коллектива областной библиотеки было принято решение о присвоении Кустанайской областной библиотеке имени Льва Николаевича Толстого.

О том, что это имя присвоено библиотеке не случайно, свидетельствуют архивные документы. Особый интерес в наследии Л. Н. Толстого заслуживает неопубликованная переписка с читателями-крестьянами. В последние годы жизни писатель получал множество писем из самых отдалённых уголков России, в том числе и из национальных окраин. Ни одна строка не оставалась без внимания адресата, о чём свидетельствуют ответные письма и пометки на полученной корреспонденции.

Материалы, рассказывающие о переписке Льва Николаевича с кустанайцами, были собраны ныне покой-

ным профессором Кустанайского педагогического института Н. И. Кандалиным, который занимался исследовательской работой по этому вопросу и не раз посещал музей Л.Н.Толстого в Москве. Немалый интерес в этом плане представляют местные источники, в том числе фонды бывшего литературного музея Кустанайского пединститута.

По утверждению Н.И. Кандалина, в фондах московского музея Л.Н.Толстого имеются «кустанайские следы»: более десяти отлично сохранившихся писем кустанайцев В.И. Касиванова и И.В.Колесникова. На каждом – личные пометки писателя. Нами был сделан запрос в этот музей с просьбой прислать копии писем, но, к сожалению, ответа не получили.

По имеющимся источникам, кустанайцы живо интересовались литературными событиями своего времени, показывая завидную осведомлённость о литературных процессах.

Переписка Л.Толстого с кустанайцами позволяет говорить о том, что влияние писателя на крестьянские массы было поистине безграничным не только в центральной России, но и в окраинных национальных регионах страны, причём воздействие в процессе общения было обоюдным.

Научно-исследовательская работа по выявлению и сбору материалов об истории областной библиотеки продолжается.




Карагоз ОТАРБАЕВА

Отношение к книгам в разное время и у разных народов всегда было неоднозначным. Не думаю, что и для большинства людей из нынешнего поколения они стоят на первом месте. Я не говорю про укороченный сюжет произведений, которые некоторые из нас читают лишь для того, чтобы не получить низкую оценку на уроке. А всё то, что так до истерики точно описывают произошедшее в романе - это лишь списанный отголосок интернета. Наверно, вы думаете, что для нашего поколения важно только смотреть МТВ, читать «глянец», думать о красивой, модной одежде, сидеть в агенте, обсуждать чужую жизнь ... Ведь так?

В связи с этим хотелось бы задать вопрос – почему вы осуждаете наше поколение за якобы не читаемость? Скажите, а вы сами читаете? Хотя нет. Поставлю вопрос по-другому - что вы читаете? Детективы? Скрашиваете серые будни "насыщенной" жизнью какой-нибудь Тани, супернаходчивой

# Мы **не** ПАРОДИЯ ...



девушки? У всех тех людей, которые с таким высокомерием поглядывают на нас, есть железный аргумент: «А в наше время всё было не так, мы читали больше, мы были умнее, у нас были рамки поведения, в отличие от вас».

Но если вы такие опытные, умудрённые жизнью люди, то откуда в таком случае взялись мы, такие «недалёкие», помешанные на модной музике, не читающие ничего, кроме журналов? Ведь растили, воспитывали нас вы. Так почему же вы позволили нам стать такими, какие мы есть сейчас?

Согласна, когда-то в свое время вы читали то, что вам



рекомендовали. Но ведь и в каждом поколении есть такие люди, которые и вовсе не держали в руках книги, кроме легко "проглатываемого" чтива. Так почему же вы так нас осуждаете за это? К данной ситуации, я думаю, замечательно подходит следующая пословица - "В чужом глазу соринку увидит, а в своем бревна не замечает".

Хочу вас заверить - и мы читаем. И никак не меньше вас. В этом плане спасибо Интернету, или, как говорит молодёжь: "Мегалайн аман болсын!", который помогает найти практически любую книгу, начиная от любимых вами детективов и до, скажем, Ницше или Миямoto Мусаси.

Если приводить примеры, то могу с уверенностью заявить, что большинство моих друзей ЧИТАЮТ книги, причём в большом количестве. И не обычный слезливый романчик, продающийся в переходах и киосках, а произведения таких

известных ныне писателей, как Чак Паланик, Анхель де Куатье, Харуки Мураками, Рю Мураками, Паоло Коэльо, Артур Голден. Проверьте, нас, читающих подростков, очень много.

Возможно, мы и не читаем признанных классиков XX века. Причина проста - нам это не интересно. Слишком нудно. Слишком, как бы сказать, понятливо они писали про то, что мы об этом уже давно знаем, заворачивая простую истину в объёмную обёртку. Зачем? Про поэтов того времени говорить ничего не буду, просто преклоняюсь перед ними. Но, например, Пушкин прекрасный поэт, возможно и гениальный, но его рассказы подходят лишь для дошкольят и скажите мне, пожалуйста, куда девается его гениальность в таких рассказах? Или, к примеру, возьмём Есенина, так же его рассказы оставляют желать лучшего. Может, я не права, но и вы считать себя правыми не

можете. Могу заявить - мы читаем и читаем качественную художественную литературу. Возможно, и не всегда это показываем. Ведь бахвалиться этим как-то не прилично. Хочу заметить, что в вашей молодости создавались условия для чтения, в библиотеках была уйма книг в свободном пользовании, в магазинах так же был выбор, большой ассортимент. Сейчас же книжные магазины могут предложить лишь небольшой выбор книг. Есть в большом количестве обывательские романчики, фэнтези, пособия для развития мышления, по ведению домашнего хозяйства, а качественной прозы, книг по философии вы и не обнаружите. Даже если они и будут, то в небольших количествах. Или просто переизданные.

По-моему, мы ничем не отличаемся от вас. Ну, кроме возраста и опыта, которые, как известно, приходят со временем. Мы подобие вас, не скажу что пародия, ведь пародия подразумевает под собой не лучшую копию оригинала. А мы не хуже вас, проверьте.

Могу ли я надеяться на то, что я хоть немного смогла доказать вам, что для нынешней молодёжи книги ещё имеют ценность? Только дайте нам выбор. И мы сможем его сделать в пользу хорошей художественной литературы. А если подумать, то можно совмещать и глянец, и прозу. Главное, чтобы с умом.



# ШАЛКИЗ ЖЫРДАУ

(1465-1560)

**К**азақ жыраулық поэзиясының атасы – Шалкиз Тілешіұлы 1465-жылшамасында Жайықтың шығыс бетінде дүниеге келеді. Жыраудың әкесі, сірә, сахара феодалдарының бірі болса керек, ал шешесі кейін Кіші жүздің үйтқысы болған, орыс деректерінде Сыртқы Орда (Заяицкая Орда) аталатын ұлыстың әмірі Мұса бидің қызы екен. Болашақ жырау үш айлығында анасынан айрылады да, нағашы әжесінің қолына беріледі. Сөйтіп, Шалкиздің Дәшті-Қыпшақ жерін жайланаң түркі руларының бірінен екіншісіне көшкен бір ғасырға жуық сапары жәргектен басталағы. Мұсылманша жақсы білім, сахара салтымен тамаша тәрбие алған Шалкиз қай атырапта есіп, ер жетті – бүгін жағы белгісіз. Тек айдынды аламан ғана емес, арқалы жырау ретінде де данқы шыққан Шалкизді 1490-жылдарда Ноғайлы әміршісі Темір бидің төнірегінен көреміз. Шығармаларына қарағанда, осы кезде жырау бірде әскери жорықтар сапында, бірде әміршісінің нөкери қатарында Қырым, Терістік кавказ, Дон бойын тегіс аралап шығады. Алайда, тәекаппар жырау Темірмен үнемі жаразтық таба бермеген. Темір өлгеннен соңғы жерде жырау (тәрізі, осы уақытқа дейін өзімен қырбай болып жүрген) Мұса үрпақтарымен қайта табысады. Өз заманындағы саяси күрестердің ешқайсысынан сыртқары қалмаған Шалкиз Ноғайлыда XVI ғасырдың 40-жылдары басталған Жүсіп пен Исмайылдың өйгілі тартысы кезінде Жүсіп партиясын жақтайды. Алайда, дүшпандары тарапынан күғінға, достары тарапынан күндеуге ұшыраған жырау көп үзамай нағашыларымен біржола араздастып, Қазақ Ордасына қайта өтеді. Шалкиз бір ғасырға жуық жасап, 1560-жылдарда қайтыс болды деп шамаланады.

Алаштан байтақ озбаса,  
Арабыдан атты сайлап мінбен-ді!  
Күлікке тастай болып тимесе,  
Үстіме көбе кимен-ді!  
Күмістен екі қолтық жоқ болса,  
Сыпайылық сүрмен-ді!  
Алғаным ару болмаса,  
Алдымға алып сүймен-ді!  
Дұлығамның төбесі  
Тұған айдай болмаса  
Батыршылық сүрмен-ді!

\*\*\*

Жапырағы жасыл жаутерек  
Жайқалмағы желден-дүр,  
Шалулығы белден-дүр,  
Теренің кежігүі елден-дүр,  
Байлардың мақтанбағы малдан-дүр,  
Ақ киіктің шабар жері майдан-дүр,  
Кешу келмек сайдан-дүр,  
Жалаңаш барып жауға ти,  
Тәңірі өзі біледі,  
Ажалымыз қайдан-дүр!

\*\*\*

Жақсының жақсылығы сол болар,  
Жаманмәнен бас қосып,  
Сөйлемекке ар етер;  
Жаманның жамандығы сол болар.  
Сөйлесе дәйім бетін қара етер;  
Бір жақсыға басың қосып сөз айтсан,  
Сол жақсы жаманлығың жақсылыққа жыр етер.  
Бір жаманға басың қосып сөз айтсан,  
Сол жаман сирің сақыламай,  
Әрдайым дүшпаныңа әр ісінді қор етер.

\*\*\*

Күпшек сыйнды тіл жалмаған күренді  
Тілеген достан аяман!  
Тілекті бірге тілеген  
Малымды достан аяман  
Тайғақ кешу, тар жерде,



фото [www.i-news.kz](http://www.i-news.kz)

Менім достым бар-ды һар жерде,  
Іздесем табылмайды тар жерде.  
Табылмаса қайтейін,  
Мен ісімді Хаққа тапсырғанмын һар жерде.

\*\*\*  
Қоғалы көлдер, қом, сулар,  
Кімдерге қоныс болмаған,  
Саздауға біткен қара ағаш,  
Кімдерге сайғақ болмаған,  
Жағына жалаң жібек байлаған,  
Арулар кімнен қалмаған.  
Жағы түкті жылқы айуан

Иесін қайда жаяу салмаған.  
Жалп-жалп еткен жапалақ  
Жазыда кімге жолдас болмаған.  
Сар шыпшықтай шырлатып  
Фазырәйіл кімдерге құрық салмаған,  
Сақалына сары шіркей үялап,  
Миығына қара шыбын балалап,  
Жазыда мал іздеғен қазақтың  
Басы қайда қалмаған.  
Қүлелік те ойналық,  
Киелік те ішелік,  
Мынау жалған дүние  
Кімдерден кейін қалмаған!!!



Серік НЕГИМОВ,  
Л. Н. Гумилев атындағы  
Еуразия Ұлттық  
университетінің  
профессоры, филология  
фылымдарының докторы

## СӨЙЛЕСІН ҚАЛАМ ЖЫРЫМДЫ

**Y**лт мәдениеті тарихында қазақ жырауларының тарихы һәм көркемдік қызметі айрықша. Олардың түйінді толғам-толғауларында саяси-қоғамдық, философиялық-әлеуметтік мазмұнайқын көрініс тапқан. Жыраулық поэзияның көрнекті қайраткерлері – Сыпра жырау, Қазтуған жырау, Доспамбет жырау, Шалқиіз жырау, Бұқар жырау, сондай-ақ қазақ қоғамының «қақылшы кеменгөрі, заманның сыншысы, қырағысы», «сөзі ем дуалы ауыз» данагейі, «би, батагейі», «сүйрылған шешен, судыrlаған

ақын» (М.О. Әуезов). Жыраулар түйдек-түйдек, кесек-кеңек толғауларын қобыз бен сыйбызының үнімен жарастыра туындаған. Қазақ жырауларының рухани болмысында тағы да қаншама қасиеттер бар. Олар – тайпа көсемі, өскербасы, жорықшы, ел билеу өнерінің қыр-сырына қанық майталмандар. Иә, заман көші ғасырлар биігіне қадам басқан сайын жыраулар өнернамасының құпия қыртыс-қабаттарындағы асыл сырлар ашыла бермекші. Мұның бәрі қоғамдық-тарихи қажеттіліктен туады. Тегінде, жыраулар

поэзиясының танымдық, тарихи, тағылымдық, көркемдікмәнін білімпаздықпен терең тану, нәзіктікпен саралу, ардақтап ұлықтау – ұлт көркөюінің кепілі, Рух, Сана жетілуінің тұра жолы, дұрыстықтың негізі.

Шалқиіз (Шәлгез) Тіленші-ұлының мұрасы – қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарына ортақ рухани игілік. Жырау шамамен 1465-1560 жылдарда өмір сүрген. Әдебиет тарихшысы М. Мағаиннің тұжырымдауынша, ол – қазақ жыраулық поэзиясының атасы. Оның болмысында жыраулық, билікшешендік, импровизаторлық,

қолбасылық өнер тұтастай келісім тапқан. Шалқиң жыраудың даңқты замандастары – Орақ Алшағырұлы (1496-1548), «Жасынның отын жандырған» Мамай (1549 жылы дүние салған), Маңғыт тайпасынан шыққан Едіге бидің (1352-1419) немесе Темір би Мансұрұлы.

Шалқиң өмірі Ногай Ордасының би Мұсаның орда сында, сонаң соң Темір би төңірегінде өткен-ді. Жұлдызы жоғары жырау Ногай Ордасының атақты бегі Мұса бидің қызынан туған.

Жырау тіршілік еткен қоғамды сөз етер болсақ, Ногай ордасы Алтын Орданың ыдырауынан бастап 1630 жылдарға дейін салтанат құрган. Ол Еділ мен Ертіс және Сырдарияға дейінгі алып аймақты қамтыған. 1530-1540 жылдарда Ногай Ордасы шалқып-шарықтап мекендеген. XV-XVII ғасырларда Шығыс Еуропа мен Қазақстан аймағындағы жерлерді иемдеген. XVI ғасырда ногай элементтері қазақ этносының құрамына сіңіп кеткен. Башқұрт шежіресінде «все ногайцы жили в стране Кипчак» деп жазылған.

Монгол этронимі «манғыт» Дешті Қыпшаққа сіңіспін, олардың тілі мен мәдениетін қабылдаған. Бұлардың бір бөлігі XIX ғасырда Торғай мен Есіл өзендерінің аралығында мекендеген. 1390 жылдарда Едіге бастаған маңғыттар Батыс Қазақстан өнірінде, Жайық пен Ембі қазылышында қоныстанған. Негізінде, 1350-1360 жылдарда басталған. (Трепавлов В. В. История Ногайской Орды. М., РАН, 2002. с.18, 51, 53, 57, 65, 69, 71). Шалқиң жырау заманының кел-

бетіне ой жүгіртер болсақ, қазақ поэзиясы тарихында жыраулардың дауылпаз дауысы, дабысы Қаптауынан бастап Алтайға дейін естілген. Сол бір дәүірлерде Алтын Орда, Қазан, Астрахань (Аштарханды Әз Жәнібек хан салдырған), Қазақ, Қалмақ хандықтары бір-бірлерімен тығыз мәдени-тариҳи қарым-қатынаста болғаны аян. Сол себепті «би», «бек», «ұлыс», «оғылан», «қази», «сайын», «аймауыт», «көбе», «алдаспан», «ноян», «сыншы», «сиқыршы», «арбау», «қарғыс», «сауыт», «берен», «балдақ», «найза», «алтын сапты айбалта» тәрізді ұғым-түсініктер – қазақ, ногай, қарақалпақ, башқұрт халықтарына ортақ мүлік.

Шалқиң Тіленшіұлының шығармашылық өмірбаяны, әдеби мұрасы, жыр-толғаулырының жариялану тарихына тоқталсақ, Ресей Ғылым академиясының Башқұрт белімі жаңындағы Ғылыми архивте сақталған, яки 1874 жылы хатқа түсірілген «Қазак өлеңдері мен хиссалары» дейтін дәптер, құмық ақыны Магомед Османовтың (1840-1904) «Ногай үе құмық шиғырлары» (Санкт-Петербург, 1883) жинағы, «Записки Оренбургского отдела Императорского Русского географического общества» (1875), «Образцы киргизской поэзии в песнях эпического и лирического содержания, переложенные в русские И. Р.» (Оренбург, 1885), А. Харузиннің «Киргизы Букеевской орды» (М., 1889), «Астраханский вестник» (1893, №1216), Ы. Алтынсариннің «Киргизская хрестоматия» (Оренбург, 1879. с. 69-71)

еңбегі, В. В. Радловтың «Образцы народной литературы северных тюркских племен» (ч. VII, СПб., 1896, с. 210, 224-226), «Жақсы үгіт» (Қазан, 1903), «Ақын» (Қазан, 1912), «Шайыр» (Орынбор, 1910-1912) дейтін басылымдар мен қазақ жинаушылары және жариялаушылары Ибраһим Шейхали (1874), Т. А. Сейдалин, С. А. Жантурин. Ф. Мұштақ, А. Берқалыұғлы, Ш. Бекеев, ногай фольклор үлгілерін жинаушы А. Жәнібеков пен ногай жазушысы Б. Абдуллин еңбектерін ерекше ескерген дұрыс. (Сыдықұлы Қ. Таңдамалы. Т.1. Алматы, «Арыс», 2006, 9-10 беттер).

Асылы, Шалқиң жыраудың шарболаттай шамырқанған шабыттан туған түйдекті толғаулары – өз заманының шарайнасы іспетті. Оның көркемдік ойлау жүйесінде діни-сопылық және түркілік дүниетаным, тұрмыс-тіршілік философиясы, жауынгерлік рух жарқын көрініс тапқан. Философиялық-афористік поэзияның жауғар үлгісі десек те болады. Шешендік те, көсемдік те, өзгеше жігерлі екпін-серпін де, төгілмелі ернекті тіл де, ұлттық әуез де жүйелі бірлік-тұтастықта үйлесіп орайласқан.

Алаштан байтақ озбаса,  
Арабыдан атты сайлап мінбен-ді!  
Күлікке тастай болып тимесе,  
Үстіме көбе сайлап кимен-ді!  
Күмістен екі қолтық жоқ болса,  
Сыпайшылық сүрмөн-ді!  
Дұлығамның тәбесі,  
Тұған айдай болмаса,  
Батыршылық сүрмөн-ді!

Шалқиң жыраудың 1 сурет-

көрлік қолтаңбасы, рухани-  
болмысы, сөз саптасы қандай  
десенеңші! «Сыпайылық» сөз-  
образының төркіні «жауынгер-  
лік, әскери өмір салты, әскери  
серілік» деген мағынаны таны-  
тады. (Қандыбай С. Жауынгер-  
лік рух кітабы. Алматы, «Нұрлы  
әлем», 2006, 121-124 беттер).

Найзасының ұшынан от  
жарқылдан жүретін бірту-  
ар баһадүрдің айдыны мен  
айбынын аспандататын:  
«Дұлығаның төбесі, Тұған ай-  
дай болмаса, Батыршылық  
сүрмен-ді!!» дейтін сыр мен  
сымбатқа кемел бірегей сурет-  
ті сөйлемдер жыраудың кесек  
түлғасын айқындауды. Текті  
туған ел қорғанына серілік те,  
ерлік те, көркемдік те тән екен-  
дігін жұтының жеткізеді. «Батыр  
болмақ сойдан дүр» дегенінде  
тектілікті айтқаны.

Шалқиіз жыраудың тас-  
түйін толғауларындағы руха-  
ни құндылықтар, азаматтық,  
әлеуметтік, елшілдік сарын-  
дар – айрықша мән-мазмұнға,  
даналық сырларға ие. Би Темір-  
туралы толғаныстары –  
дәүірнамалық сипаттарға бай.  
Тіл, стиль, образ тұрғысынан  
байыптағанда жаңалықты  
құбылыстар, буырқанған боя-  
улар, жаңаша өрнек-кестелер  
десте-дестесімен атойлады.  
Бұл орайда Шалқиіз жыраудың  
«Би Темірge бірінші толғауына»  
жүгінейік:

Аспанды бұлт құрсаиды –  
Күн жауарға ұқсайды,  
Көлдерде құлар шулайды –  
Көкшіліден ол айуан  
Соққы жегенге ұқсайды,  
Көп ішінде бір жалғыз  
Көп мұңайып жылайды –  
Күйбендескен көп жаман  
Сөзі тигенге ұқсайды! –

дейтін лебізінде жырау өзінің  
басындағы ыңғайсыз жайларды  
мысқалдан мәлімдейді. Орда  
манындағы пыш-пыш, күбір-  
сыбыр әңгімелер сыртқа тепсе  
де, жыраулардың сұлтаны Би  
Темірge деген мейір-шапағатын  
аямайды.

Алл, алл басқан, алл басқан  
Арабы торым өзіңсің.  
Жазылы алтын, қол кескен  
Алдаспаным өзіңсің! –

деп Би темірдің мәртебесі мен  
дәрежесін асқақтата сөйлейді.  
Жыраудың мәрттігі мен  
дегдарлығына:

Алтынды кесе сары бал,  
Алсам мен саған ұсынармын,-

дегені айғақ.

Ел тізгінің ұстаған Би Темірge  
алмас тілді «ой батыры»  
Шалқиіз жырау былайша сөз  
бүршағын жаудырады:

Жақсыңан мені кем көрдің,  
Жаманыңмен тең көрдің.  
Жақсыңан мені кем көрсем,  
Жаманыңмен тең көрсөң,  
Ұялы берікке қос артып,  
Сен есен де, мән сау да  
Ырысымды сындайын,  
Серіз қыыр шартаралптан із-  
дермін!

Сөйтсе де заманынан  
озып туған жырау Би Темірge  
кеменгерлік кенес береді. Ел  
басқару өнерінде сүрінбеу үшін,  
түзулікке, дұрыстыққа, ізгілікке  
бастау үшін ақыл қосады.

Айдын шүйсөң тарлан шүй,  
Көтерілген сона құтылmas.  
Жауға кисең берен ки,  
Егеулеген болат өте алмас.  
Есендікте малынды бер де

батыр жый,

Басыңа қыстау іс түссе  
Дұспаннның қолы жете ал-  
мас!

Даналық дәрісіндей, өмір,  
өнеге сабағында. Жаны мен  
тәні меруерттей таза ой мен  
сөз ұстасы бақай есептен ада.  
Ар мен на мысттан жааралған. Эрі  
қарай жыраудың ой-толғанысы  
былайша өріледі:

Жоғары қарап оқ атпа,  
Жуық түсер қасыңа,  
Жаманға сырынды қосып сөз  
айтпа,  
Күндердің күні болғанда  
Сол жаман айғақ болар  
басыңа.

Алақұйын, аласапыран жал-  
ған дүниенің кесапат-кесірі-  
нен, арам пиғылдардың құрган  
торынан сақтандыратын ізгі  
ойлар деуіміз дұрыс.

Айтулы жырау атаулы  
толғауында аталаы сөздер-  
ді тақта-тақтасымен толқын-  
датады. Мысалы:

Сен алтынсың – мән пұлмын,  
Сен жібексің – мен жүнмін.  
Сен сұлтансың – мен  
құлмын,  
Сен сұңқарсың – мен құмын.

Маржандай тізілген поэзия-  
лық салыстырулардан ой-пара-  
сат деңгейі, би мен жыраудың  
биік дәрежесі мен мұндалайды.  
Толғаудың шырайы –  
жыраудың әдептілік, кісілік  
мәдениетінде, ар тазалығында  
екені түсінікті. «Сом жүргім ая-  
ман», «Фазизлеген сұлтан жа-  
ным аяман!!!» дейтін толғаудың  
түйінді, қуатты жолдары  
жыраудың қоңыраудай даусын  
естігендей күйде боласыз.

Поэзиялық сұлулық, телегей толғаныс, ой мен сезінді меруерт толқындары, рух пен сезімнің ғажайып көріністері, көркемдік ойлау жүйесінің сырлы құбылыстары «Би Темірді хаж сапарынан тоқтатуға айтқаны» деген толғауында шынайы бейнеленген. Мәселен:

1. Темір еді биіміз,  
Теніз еді халқымыз,  
Тебірлерге қалғанда  
Тенселер сойды ауыр ноғай  
жүртіңіз!  
Соқса бір жілік сындырған,  
Кек қоянның қос құлағын тұндырған,  
Көгілдірдің жез қанатын сындырған,  
Тегеурін болат темірдің,  
Тегеурін өзіңсің!  
2. Атан құмас бұрасың,  
Һәр ісінде турасың.  
3. Тіленшіғұлы Шалқиіз  
Иесі би Темірдің тұсында  
Бұлтқа жете жазды бұ мүйіз.

Шалқиіз жыраудың көркемдік қабілеті, дүниені, табиғатты өсерлі қабылдауы, шеберлік мәдениеті, қиял, түйсік, құштарлық қуаты өзгеше. Қазақтың шерлі тағдыры мен тарихы былайша өрнектеледі:

Сақалына сары шіркей ұлалап,  
Миғына қара шыбын бала-  
лап,  
Жазыда мал ізdegен қазақтың  
Басы қайда қалмаған.  
(«Қоғалы қөлдер, қом су-  
лар»)

Тұнғиық сыр мен сезімге бөлөнген мынадай суретті сейлемдері, метафоралық сөз тізбектері символикалық-көркемдік нақыстарымен

қызықтырады: «Мен иемдің бәрлі ала тасы едім», «Көз үстінде қасы едім!..», «Жүргегінің басы едім», «Емен шайнап, тас шайнар, Құлан, бұлан баласы...». Немесе: «Телегейдей сайқалтып, Жарқыраған беренді, Теніз етсе тәнірі етті, жағасына қыршын біткен тал еді». Бұл сейлемдегі көркемдік өсерлілік, экспрессивтік-эмочионалдық бояу («қыршын біткен тал») ерекше.

Жыраудың шығармашылық өнернамасында өнегелі, үлгілі, гибратты, тағылымды, сап таза күмістей оюолы да ойлы нақыл сездер бар.

1. Жақсылардың өзі өлсे де сөзі сау.
2. Жақсының жақсылығы сол болар,
- Жаманменен бас қосып, Сейлемекке ар етер.

Тұрмыс-тіршілік философиясын «Ор, ор қоян, ор қоян» атты дидактикалық-шешендік термесінде көсілте-есілте суреттеген.

Көркемдік һәм философиялық дүниетанымы ересен сайыпқыран жыраудың «Ер Шобан» деген толғауында көркем тенәмелер былайша түзілген:

...Хандар шықкан төбедей,  
Қабыргадан бүтін шықкан сүбедей,  
Аударылмас қара кемедей,  
Қандыауызға сырлап салған жебедей,  
Хан ұлы төредей,  
Би ұлы шорадай...

Ноғай әдебиетінің тарихында Асан қайғы, Жиренше шешен, Шалқиіз, Қазтуған,

Доспамбет, Сыпыра жыраулардың жыр-толғаулары, шығармашылық мұрасы сақталған. Қазақтағыдан онша айырмасы жоқ. Дегенмен де ногай халқының жадындағы мынадай бір жолдарды Шалқиіз жыраудан кездестіреміз.

Сейлемсін қалам сырымды,  
Тыңдастын өлем жырымды.  
Шалқиіз жырау заманында яғни Дешті-қыпшық жерінде жазу өнери қарқынды дамыған. Оған:  
Қара сия, ақ қағаз,  
Дестірге өнөр тектірдің.

Алыс жерден мәрлі шұбар хат келсе...

Әбсінде ғалым жидырып,  
Ақ кітабын жайдырып, –  
дейтін түйінді пікірлері қуәлік етеді. (Мағаун M. Fасырлар бедері. Алматы, «Жалын», 1991, 43-бет).

Жыраудың әдеби мұрасында ислам құндылықтары, ұғым-түсініктері өсерлі қолданысқа ие болған. Айтальық, Тәнірі, Ием, Қағба, Бәйтольла т.с.с..

1. Сұлтан ием, сен мениң  
Бармай тапқан қағбамсың!
2. Тәнірінің үйі бәйтолла,  
Сұлтан ием, қарсы алдында  
жасапты!

Жыраудың ой толғауы, сез саптауы, көркемдік дәстүрі Бұқар жырау, Махамбет, Абыл, Шернияз және башқұрт ақыны Салауат Юлаев (1752-1800) шығармашылығында жалғастық тапқан.

Шалқиіз жырау мұрасы – көремет көркемдік қасиеттерімен, тарихи-мәдени деректерімен қымбат.


# «МІРЖАҚЫПТЫҢ «ОЯН, ҚАЗАҚ!» ИДЕЯСЫ – ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ НАҒЫЗ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ»



Биыл Алаш қозғалысының қайраткері, XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен өдебиетінің ірі өкілі, ақын, композитор, драматург Міржақып Дулатұлының 125 жылдық мерейтойы келіп жатыр. Осылай орай, Жақаның саяси қайраткерлігі және бүқаралық ақпарат құралдарында айтылмаған тың деректер жайлы міржақыптанушы галым Марат Оралбайұлымен әңгімелескен едік...

— Міржақып Дулатұлы XX ғасырдың басындағы Алаштың ағартушылық, демократтық бағыттағы ақ семсер арыстарының бірі еді. Аумалы-тәкпелі заманда қазақ елінің болашағы үшін өз басын қатерге тіккен тектілердің төресі еді ғой... Міне, биыл 125 жылдық мерейтойы келіп жатыр. Біз Жақаның саяси қайраткерлігінен бастасақ...

— Алаш қайраткерлері арасында Жақаның – орны ерекше. Елі үшін туылып, ел үшін шаһит кешетін тұлға болады. Ол сол елдің ертеңінің нұрлы болуы үшін жанталасады. Міне, Жақаң – қазақтың ертеңі үшін туылған жан. Иә, ол алғыс ауылдарда мұғалімдік қызметін атқара жүріп жәбір көрген





лану үшін Міржақып пен Ахмет Омбы қаласына жүріп кетеді. Сол жерде Жақаң Ә. Бекейхан, Ж. Ақбаевтармен танысып, жасырын кездесулер жасайды. Омбы, Қарқаралы, Орал, Санкт-Петербург қалаларын арапап, көрнекті қоғам қайраткерлерімен пікірлеседі, мәдени-саяси шараларға қатысып ой-өрісін көңітеді. Осы жерде алдыңғы қатардағы қазақ интеллигентиясының өкілдері: Шаймерден Қошығұлұлы, Серап-

лы Лапин, Дінмұхамед Сұлтанғазин, Мұстафа Шоқай, Халел Досмұхамедов және басқалармен кездеседі, окудағы жастармен жүздеседі. Қазақ зияяларын қатты толғандырған – патша қолшоқпарларының қазақпен санаспайтындыры еді. Осындай жиындардың бірінде Санкт-Петербургте «Серке» деген атпен қазақ баспасөз орталығын ашу үйіралды. «Серке» деген ат жайлы Шаймерден Қошығұлұлы өз

естелігінде: «Серке бір отар қойды борандадұрыс жолға алыштығады, – деп жазды, – олай болса «Серке» газеті езілген қазақ халқына дұрыс жол көрсететін, оның үлттық сана-сезімін ояттын жолбасшы болу керек», – деген. 1907 жылы наурызыдың 28 күні I және II Ресей Мемлекеттік Думаның депутаты Ш. Қошығұлұлының қаражатына татар қайраткері А. Ибраһимовтың басшылығымен «Серке» газетінің алғашқы саны Санкт-Петербургте шығатын апталық «Ульфат» газетінің қосымшасы ретінде жарық көреді. Бұл газет қазақ жастарына арналған еді. Газеттің алғашқы нөмірінде Жақаңның «Қазақ жастарына» деген өлеңі басылып шықты.

#### – Газеттің ғұмыры қысқа болды ғой...

– Оның себебі көп қой. «Серкенің» екінші нөміріне Жақаңның бүркеншік атпен «Біздің мақсатымыз» деген мақаласы жарық көрді. Бұл мақала «Қазағым менің, елім менің!», – деген сөздермен басталады. Бұл мақаласында Міржақып 1905 жылы Қарқаралыдағы бас көтеру мен Оралдағы съезде қазақ халқының айтқан талаптарын жинақтап көрсетеді. Ашық, ақиқатты жазады. Жаным-ау, осының беріне патшаның полиция сақшылары да қарап жатпайды ғой. 1905 жылғы революцияның толқуларынан үрейленіп қалған олар қол астындағы бұқара халықта қатаң бақылау жасас отырды. Ұзамай жандарм ішілдері Загородный 34 көшесіндегі Антокольск баспаханасына келіп, «Ульфат» және «Серке» газеттерін конфискеlep, жауып тастанды. Осы іс жөнінде жасалған протоколда былай деп жазылған еді: «Серке» газетінің № 84 және «Ульфат» газетінде 6 июль күні (1907) жарияланған «Біздің мақсатымыз» мақаласында саяси қылмыстық белгілер бар». Полицияға түсken



М.Дулатұлы қызы Гүлнармен

мәліметтер бойынша бұл қазақ халқын барлық өкімет орындарымен оның өкілдеріне қарсы күреске шақыратын «бүкіл қазақ халқына арналған үндеу сияқты». Әрі қарай Петербург баспасаөз істері комитетті газеттің осы нөміріне қатысты барлық адамдар жаупақ тартылсын деген шешім қабылдады. Мұның бері Міржақыптың саяси-әлеуметтік кезқарасының қалыптасуына үлкен ықпал етті. Ахаң мен Жақаң бірін-бірі іштей тез ұғысып, бір мақсаттың жолында, ұлы мақсаттың жолында ақтық демдері біткенше, жұп жазбады...

— Міржақып Ахмет ағасына еріп, Омбыдан Қарқаралыға келеді. Осында көптеген астыртын жұмыстарға қатыстығы...

— Иә, 1905 жылы Қарқаралыға Ахаң менен біраз оқығандар бас қосып, үкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз, тілек) жіберген. Ол петицияда аталған үлкен сөздер: бірінші – жер мәселесі. Екін-

ші – қазақ жеріне земство беруді сұраған. Үшінші – отаршылдардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан, қазақ жұртын мұфтиге қаратуды сұраған. Ең қызығы, патша осы талаптармен санасты. Жақаң 1905 жылғы 17 қазанды Ресей үкіметіне қазақ халқы атынан жолданған Қарқаралы қызырхатын дайындаушылардың бірі болды. 1905-1907 жылдары Зайсан уезіндегі Бекмұхамбет қажы ашқан қазақ мектебінде сабак берген. 1906 жылы Дулатов конституциялық демократтар партиясы делегаттары қатарында Санкт-Петербургке барады. Түрлі сипатты жиындар мән саяси күштер үйімдастырган көшө шерулеріне, ереуілдерге қатысады. Осы кезден бастап Ресей үкіметі құпия полициясының саяси сенімсіз адамдар тізіміне ілігеді. Міржақып отарлауыш орыс мемлекеттің бұл сұрқия саясатына қарсы шығып, «Жұмбақ» деген мысал жазады. Міне, бұл – Жақаңның саяси қайраткерлігінің басы ғана еді. Өзің білесің, 1909 жылы қазақ даласын дүр сілкіндірген үш кітап шықты. Оның бірі – Абайдың елеңдер жинағы, екіншісі – Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысалы», Үшіншісі – «Оян, Қазақ!» атты Міржақып Дулатұлының қазақ елінің манифесіне айналған публицистикалық-лирикалық жинағы. Жақаң еңесі түсіп езіле бастаған қазақ халқының тарих саңнасына шыққан революциялық күрестер мән шайқастар дәүріне дәлме-дәл келді. Болашақта деген нық сеніммен жігерленген оның отты шығармашылығы – қазақ халқының бостандығы мен теңдігі еді. Ол үйқыдағы үлтты ояту үшін жан даусымен, жарғақ құлағы жастыққа тимей енбек етті. «Оян, Қазақ!», – деп қалың үйқыдағы қазақ даласын оятуға талпынды. «Оян, Қазақ!» жинағы – қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің ма-

нифесіндей зор роль атқарған кітап болғаны ақиқат. Оның Қазан төңкерісіне дейінгі кезендеңгі бағасы Қошке Кеменгерұлының пікірінде айқын да дәл берілген: «Оян, Қазақ!» алғашқы шыққан Грибоедовтың «Горе от умасын-дай», – деді ол «Оян, Қазақты!» ел қазақтары құрандай жаттады. Міржақыптың атын Алты Алашқа таратқан да – осы «Оян, Қазақ!» Ең әуелгі саяси қайраткерлігі де – осы. «Оян, Қазақ!» жинағы шыққан кезде Қырым, Кавказ, Түркияға дейін тарап кеткен еді. Түркияның бостандығы үшін күресіп жүрген қайраткерлердің қолдарына да тусты...

— Қызық екен. Ол қайраткерлер кім?

— Ол – Міржақып Дулатұлын үстаз тұтқан, азаттықты аңсаған азаматтардың қатарында болған Түркияның тұнғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрік еді. Ол 1917-1918 жылдары билікке келген кезде досы профессор Тайыр Шағатайға тапсырма беріп «Оян, Қазақ!» кітабын түрік тіліне аударып шығарған еді. Осы кітапқа еліктеп «Оян, Турік!» деген кітаптар да шықкан. Ал Жақаңның «Оян, Қазақ!» кітабы Ататүркің столының үстінде тұратын болған. 1994 жылы Түркия шақырту алып, Стамбул университетінде Міржақыптан лекция оқыдым. Лекция соңында бір түрік ақсақалы келіп қолыма түрік тіліне аударылған «Оян, Қазақ!» кітабын ұстартты. Кітап 1930 жылдары Анкара қаласында шыққан екен. Соған қарап таңданып тұрған кезде әлгі ақсақал лекцияға келген қалың адамның ішіне кіріп кетіп таба алмай қалдым. Ол кітапты қойнымнан тастамай жүргем болатынмын. Осыдан бес жыл бұрын Астанадағы С. Сейфуллин атындағы мұражай қайта-қайта сұратқан соң сонда тапсырды.

— Жақаңдарға үлкен көмек көрсетіп, «Серке» газетінің

екі нөмірін шығарған татар баспағері Әбдірашид Ибрагимов Жапонияға қашып кетеді ғой...

– Әбдірашид Ибрагимов «Серке» газетінің барлық мұрағаттарын бірге алып кетеді. Сол жердегі жапон зиялұларымен араласады. Жапондар «Серке» газетінің екі нөмірімен танысып отырып, Міржақыптың «Оян, Қазақ!» кітабы қатты әсер етеді. Міржақып бір өлеңінде жапон ерлігін де жырлаған. Кейір азаматтар Міржақыпты өз іштерінен жапонның рухани ұстазы деп сайдайды. Сол кездің өзінде Жапонияда Міржақып туралы көлтеген мақалалар, зерттеулер шығады. Жақаңа еліктеп «Оян, Жапон!» деген кітап та шыққан еді. 1997 жылы ғалым Уямо Томохико жапон тілінде Міржақыптың саяси көзқарасынан диссертация қорғады. Қазір Уямо Томохико – Жапонияның Хоккайдо университеттінің проректоры.

– Жақаң 1918 жылы қазіргі Қытай қарамағындағы, бұрынғы қазақ жерінің бір пүшпағы санаған Шәуешек қаласына қару-жарақ алу үшін барды ғой. Сол жерде Оспан батырдың көрді ме ?!

– Ақсақалдардың айтуынша көрген екен. Оспан батырдың бозбала кезі болса керек. Оспандар арнайы күтіп алған. Жақаң Оспанға бата беріп, өзінің «Оян, Қазақ!» кітабын сыйға тартқан. Оспанның ер руҳына үлттық рух қосқан да «Оян, Қазақ!» кітабы болуы мүмкін.

– Міржақып бір ғасыр бұрын «Оян, Қазақ!», – деді. Біз ояндық па?!

– Біз өлі қалғып отырмыз. Оянған жоқпыз. Неге?! Себебі, мемлекет басында отырған кейбір қазақтарымыз ана тілін өлі білмейді. Менсінбейді. Неге олар өз тілінде сөйлемейді?! Бұл – бір. Екіншіден, мемлекет мекемелерінің аты – қазақша, заты – орысша. Кейде өзіміздің үлттық мұддемізді

ұмытып басқа мемлекеттердің экономикасын, саясатын қолдан кетуге бармыз. Бұл нені көрсетеді?! Бұл – патша заманынан бізге сіңген құлдықтың белгісі. Бұл – өлі де кешегі еткен Абылайдың, Қенесарының, Махамбеттің, Абайдың, Міржақыптың рухы үзіліп қалғандығы. Біз өлі еңсемізді көтерген жоқызы. Әлі де намыстана алмаймыз. Рухани құлдырау, жерге белін... Міржақыптың «Оян, Қазақ!» идеясы – қазақтың нағыз үлттық идеясы. Бізге өлі мындаған жылдарға азық болары хақ. Біздің оянғанымыз – өз төуелсіздігімізді, мемлекеттігімізді нығайтып, ана тілімізді әлем тілдерімен тең дәрежеге көтеріп, қазіргі алпауыт елдермен экономикамыз бен рухани өлеуетіміз бір сатыда тұруы деп ойлаймын.

– 1990 жылы өзініздің жанкешті ізденішініздің арқасында қыырдағы Соловки аралындағы Карелияның Соловецк поселкесінен Міржақыптың қабірін таптыңыз. Бірнеше зерттеу-сарраптама негізінде мұрдесінің дәлдігі тұжырымдалды. Осы кезде сіздің сүйінші хабарыңызды естіген Жақаңның Алматыда тұратын жалғыз тұяғы Гүлнәр апайдың көңіл-күйін айтуда тіл куатыңыз жетпес, сірә...

– Сүйінші хабарды өзім айттым. Гүлнар апай әкіріп жылап жиберді. Апайға әкесінің бейтінен бір уыс топырақ әкеліп бердім. Иә, ол кезде Гүлнәр апайдың көңіл-күйін тілмен айттып жеткізе алмаспым...

– Міржақып Дулатұлының соңғы тұрағы, соңғы қундері мен оның сүйегінің қалай табылғандығы туралы қысқаша айтып берсөз?

– 1990 жылғы мамыр айының аяғында академик Д. С. Лихачевтің басшылығымен Соловки музейінде 20-30-шы жылдардағы жазалауда құрбан болғандарды еске алуға арналған рәсімге қатысу

үшін Совет мәдениет қорының стипендиаты әрі Міржақыптың шығармашылығын зерттеуші ретінде қағаз алды. Соловки форумына сонда тұтқында болғандар мен кезінде сол құрылышты қөзімен көргендердің және зерттеушілердің үлкен тобы қатысты. Біз үш күнге арналған жиында Соловкидің тарихи сәулет орындарын, Секир тауы, Саватьево, Исакова елдімекендерін аралап көрдік. Осы аралда алғашқы құннен бастап-ақ бұрынғы тұтқындардан: «Сіздер Міржақып Дұлатұлын білесіздер мә?!, – деп сұраумен болды. Анасын жоғалтып, адасқан баладай бұрынғы тұтқындардан үздіккен үмітті сұрағым бір дүниенің пүшпағын тапты. Лагерьдің бұрынғы тұтқыны – Татарстанның халық суретшісі Бақи Орманшы нақтырақ мәлімет берді: «...Бутырь тұрмесінде аулада аз ғана серуенде жүргендеге Міржақып Дұлатұлымен танысып қалды. Есімде, танысу кезінде ол өзін «Мир-Якуб» деп атады. Одан кейін біздің тағдыр былай болды: Мен Сорокага (қазіргі Беломорск) тап болды. Міржақып Соловкиден кейін Сорокадан жарты сағаттық жолдағы Сосновецте Міржақыппен бірге «Сүлтан-Галиевтің ісі» бойынша сottaған татар жазушысы Махмуд Будайли болды...» Осы сапарда менің жолым болды. Ақырында жерден Жақаңды танитын бұрынғы тұтқындарды таптым. Олар: Леонард Юльевич Кижко мен Иван Николаевич Русинов еді. Леонард Юльевич Соловки лагерінде Міржақыппен кездескенін, кейін орталық лагерьге алып кеткенін, 1933 жылы Жақаңның Соловки монастырының бір құжырасында соңғы рет кездескенін айттып берді. Ал Иван Николаевич тұтқын болып жүріп, лагерьдегі түрлі спектакльдерде артис болыпты. Қойылымдардан кейін тұтқындар арасында болатын қызу пікірталастарда Міржақыптың ой-пікірлерінің ерекше болатынын, оның театр

Әнеріне деген сезімталдығының күшті екенінің ерекше таңдаңыспен айтып берді. 1933 жылдың күзінде шетелде жүрген қазак елінің ардақтыларының бірі – Мұстафа Шоқай Соловкиден Міржақыпты алып кету үшін бір жайлы кемемен адам жібереді. Жақаң қанша азапта жүрсе де шет елге барудан бас тартады. 1994 жылы «Қызыл Ай» қоғамы арқылы барып қайтқан Міржақыптың заібызы Файнижамал Дулаткеleіні бұл мәліметті расстайды. Жақаң лагерьде жүргендеге шет елге кетіп қалуға көптеген мүмкіндіктер туады. Бірақ туған елін артқа тастап шет елге кетіп қалуға дәті жібермеген. Жақаңның осы мінезі жөнінде халық арасына әр түрлі аңыздар көп тараған. Лагерь бастықтары тұтқындарды мейлінше пайдалану үшін олардың біліктілігін арттыруға жағдай жасаған. 1934 жылдың басында Міржақып Медвежья гора қаласындағы фельдшерлердің орталық курсында оқиды. 1934 жылдан бастап 1935 жылдың 5-ші қазанына дейін, яғни өмірінің соңына дейін Міржақып Сосновецте Тунгуд белімшесінің 5-ші орталық лазеретінде фельдшер болып жұмыс істеген. Сосновец поселкесі Карель АССР-інің Беломорск ауданында орналасқан екен. Мен Сосновецті арапап, 55 жыл бұрын жерленген Міржақып Дулатұлына сұрау салдым. Қолымда Гүлнэр апайдың берген құжаты бар. Менің Сосновецке келгенім христиандардың «Қасиетті Троица» мерекесімен тұспа-тұс келді. Бұл кезде оларда өлгендерін еске алатын уақыт екен. Сосновец поселкесінің атқару комитетінің төрайымы Светлана Васильевна Фроловаға өзімнің келу мақсатымды баяндал, М. Дулатұлының қабірін табуға көмектесуін сұрадым. Карелия мемлекеттік мұрагатының қызметкери Кондратьевтен Ақтеңіз – Балтық лагері, Тунгуд белімшесінің Сосновец лазаретінде қазақ ұлттынан тек М. Дулатұлының жұмыс істе-

генін айттым. Бұл дерек менің жұмысымды жеңілдettі. Поселкелік атқару комитетіне жиналған бұрынғы тұтқындардың көшлілігі М. Дулатұлының есімін білмесе де, олардың бір белгілі тұтқындарға ғана емес, Сосновец поселкесінің тұрғындарына да дәрігерлік көмек көрсеткен қазақ фельдшерін білетін болып шықты. Светлана Васильевнаң көмегінің арқасында Міржақыптың қай жерде жерленгенін білетін адамдармен кездестім. Көп жылдар бойы Жақаңның қабірін иесіз қалдырмай шебін отап, айналасын тазартып күтіп жүрген орыс әйелі Мария Ивановна Соколованың ізгілігін айта кетуіміз керек. Мария Ивановнадан мән-жайды сұрағанымда ол: «1942 жылы әте жақын адамымыз қайтыс болды. Біз оны ескі қорымға жерледік. Сонда анам басындағы белгіге айрықша шар және жұлдыз орнатылған қабірді көрсетіп: «Бұл жерде Сосновец лазаретінде фельдшер болып істеген қазақ жерленген», – деген еді. Жергілікті тұрғындар мен Сосновец лазареті колективінің сұрауы бойынша лагерь басшылары оны тұтқындар мен жер аударылып келгендеге арналған жалпы орға көмбей, «ерікті» қорымға жерленгенін кейін естіп білдім. Жанына шешем жерленген. Мен қорымға келіп шешемнің қабірін ақтап, майлағанда оның да қабірін ақтап, майлап отырамын», – деді. Міне, қабірді осылай таптық...

– Лагерьде тұтқындарға арналған кітапхана болды ғой....

– Соловкидің 30 мың томға жуық кітап қоры бар бай кітапханасы болған. Кітапхана 60-қа жуық газет пен 40-қа тарта журналдарды жаздырып алып отырған.

Бұрынғы тұтқын профессор Ю. И. Чирковтің айтуыша, кітапхананың қоры негізінен тұтқындардың үйлерінен алдырылған кітаптармен толықтырылған. Лагерьде монахтардың 500

жыл бойы жинаған көне славян қолжазбалары мен кітаптары сақталған монастырь кітапханасы да болған. Сонымен қатар сирек кездесетін көне түркі жазбалары да сақталған. Лагерь тұтқындарына Міржақыптың есімі етеш жақсытаныс болса керек. Себебі, монастырдың кітап қорында Жақаңның өмірі мен шығармашылығы туралы мақалалар жарияланған энциклопедиялар мен кітаптар бар. Осы жерде мынаны айта кеткен жөн. Міржақып кітапхананың екінші сересін қазақ әдебиеттерімен толықтырған. Лагерьде орыс тілін білмейтіндерге қатты зорлық-зомбылық көрсетілген. Осыны ескерген Жақаң Соловкидің ызғарлы ұзақ түндерінде монастырдың тар құжырасында сарылып отырып, қарындаш тұқылымен 1932 жылы түркі-орыс сөздігін жазып шығады. Ол төрт дәптерден тұрған. Бұл сөздіктің құндылығы, кереметтірі соншалық, онда ежелгі түркі ескерткіштерінің бірі – «Күлтегін» жырындағы түркі сөздері және түркі-орыс терминологиясы жиналған. Міржақыптың бұл сөздігін түркі тектес халықтар арасындағы орны белек, ерекше ғылыми еңбек деп білуіміз керек. Міржақыптың түркі-орыс сөздігі түркі тілдес тұтқындардың жағдайын жақсартуға үлкен септігін тигізді. Біріншіден, қазақтар, әзбектер, әзіrbайжандар, татарлар, түркмендер түркі тектес ұлттар ретінде бір диалектіде, яғни түркі тілінде сөйлеуге мүмкіндік алса, екіншіден, түрме басшылығы тілді сұлтау етіп қорлау мүмкіндігінен айрылды.

– 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін үйімдастырушылардың бірі – Амангелді Имановтың өліміне Міржақып Дулатовтың қатысы бар деген сумақ сөз өлі тыылған жоқ. Осының кесірінен ақтау кезінде қындық туғаны белгілі. Бұқаралақ ақпарат құралдарында да осы

жайлы мардымды мақала да жазылмай жүр. Осыны ашып айтып берсеңіз?

– Жақаң Амангелдіні өлтірді деген жалған сөз. Амангелдіні өлтірген адам – басқа адам. Бұл – жабылған жала. 1916 жылы Ресей отаршылары I дүниежүзілік соғысқа қазақтарды тарта бастады. Қазақтар Ресейге әскер бермеу үшін көтерілістер жасады. Әр ру өз хандарын сайлады. Қыпшақтардан Амангелдінің рулас ағасы Әбдіқапарды хан қылыш сайлайды. Әбдіқапар орыстарға әскер бермегі. Кейін кеңес үкіметі Амангелдіні комиссар қылыш сайлайды. Міне, сол кезде бақталастық салдарынан Амангелді мерт болады. Оның өлімін Алаш әскерін басқарған Міржақыпқа жабады. Жақаң Амангелдіні өлтіріү мүмкін емес. Өйткені, Амангелді – Жақаңың шәкірті. Екеуі өте жақсы қарым-қатынаста болған. Бұл – бір. Екіншіден, 1915 жылы Амангелді батыр байлардың жұмысауымен барынтаға шығып жүрген кезде түрмеге түсіп қалады. Сол уақытта Міржақып байларды айыптаған оны құтқарып алған («Қазақ», 1915, №137) Тағы бір дәлел бар. Амангелді жөнінде ең бірінші диссертация қорғаған Аяп Нұрқанов деген ғалым болған. Ол кісімен мен кездескен едім.

– Алаш қайраткерлерінің бәрі ақтальып жатыр. Тек Міржақып ақталмады. Амангелдіні Міржақып өлтірген жоқ қой. Расыңызды айтыңызшы. Көрі қойдың жасындағы ғұмырыңыз қалды. Алладан қорықтайсыз ба? Сіз Амангелдіні зерттедіңіз фой, – деп сұрадым. Аяп ағамыз:

– Марат, Амангелдіні Міржақып өлтірген жоқ. Оны Әбдіқапардың жігіттері өлтірді, – деген еді.

1983 жылы үйленген кезімде Амангелдінің баласы Шәріппен бір басқосуда болған едік. Бір сәті кел-

генде:

- Сіздің әкеніздің құнын кім төлеңі, – деп сұрадым.
- Менің әкемнің өліміне Міржақыптың қатысы жоқ. Оның құнын басқа кіслер төлеңі, – деді.
- Нақты кім? – дегенде, – үндемеді.

Ал 20-жылдардан бастап 30-жылдарға дейін НКВД тергеушілері Міржақыпқа түрлі айыптаққанымен Амангелдіге келгенде дәлел таба алмаған. Бұл жалған айып Амангелді туралы кинофильм түсіру кезінде пайда болды. Себебі кеңес үкіметінің бас жауы роліне қызыл жазушыларының сценариийі бойынша Алаштың адаптациясы үшін Міржақып бейнесі сомдалған еді. Міржақып 58-статьямен айыпталып айдауда жүріп, 1935 жылы дүниеден өтеді. Оның өлімін естіген торғайлық ақын Файзолла Сатыбалдыұлы өз жоқтауында:

Міржақып пен Ахмет,  
Нақақтан-нақақ болды шет.  
Бір уақыттар болғанда,  
Ақталарап орнап әділет...  
Қиянат кетпес тоқтаусыз,  
Әділ сөз қалмас құптаусыз,  
Күндердің күні болғанда,  
Міржақып кетпес жоқтаусыз..,  
– деген екен.

– Қазіргі уақыттағы Міржақыптың мұрасы жайында жасалып жатқан шаруаларға тоқтала кетсөніз. Не істеліп, не істелмей жатыр?!

– Қазір Ресейден «Жизнь замечательных людей» деген сериямен кітаптар шығарылуда. Осы серияға кез келген тұлға кіре бермейді. Оған әлемдік деңгейдегі ірі қайраткерлердің істеген еңбектері туралы мәліметтер беріледі. Жақаң осыған еніп жатыр. Әлемдік деңгейде қазақ үшін кім не жасап жатыр?! Әрине, қазіргі таңда қазақ үшін өз үлесін қосып жатқандар көп. Ал, ең бірінші, әлемдік деңгейде қазақ үшін кім не істеді деген зандың сұрақ туады фой. Міне,

